БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

220 (9538) | 1954 жылғы 5 ноябрь Жұма | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тиын.

*Машина-трактор станцияларының қызметкерлері! Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттыру үшін, қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру үшін күресіңдер! Тракторлардың, комбайндардың және басқа машиналардың мезгілінде жөнделуін қамтамасыз етейік!*

***(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған Ұрандарынан)***

## Партия комитетінің кітапханасы

Облыс партия ұйымдары партия оқуы жүйесінде өткен жылдары орын алған бірқатар кемшіліктерді жою, еріктілік принципін бұлжытпай жүзеге асыру жөнінде едәуір жұмыстар жүргізді. Мұндай жұмыстардың ең негізгі нәтижесі — өмірге бейімсіз үйірмелер мен мектептер таратылды және маркстік- лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистердің саны бірсыпыра артты. Бұл жағдай партия ұйымдарының алдына өздігінен үйренуші коммунистердің маркстік- лениндік ілімді барған сайын терең меңгере беруі үшін нақты және жанды көмекті күшейту міндетін қойды.

Мұндай аса маңызды міндетті ойдағыдай жүзеге асыру ісінде аудандық, қалалық партия комитеттері жанындағы кітапханалар ерекше роль атқаруға тиіс. Сондықтан да олардың жұмысын жаңа жағдайға сәйкес қайтадан ұйымдастыру қажеттігі өзінен өзі түсінікті. Партия комитетінің кітапханасы партиялық насихаттың шын мәніндегі орталығына айналуы керек. Кітапханалар бұл үшін маркстік- лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистерге көмектің нақты формаларын анықтап алып, соған сәйкес жүйелі жұмыс жүргізулері керек.

Өздігінен үйренушілерге көмектесуде лекциялардың маңызы зор. Облыста барлық партия кітапханалары жанында ұйымдастырылған лекторийлер бұл жөнінде қазір елеулі жұмыстар жүргізуде. Петропавл қалалық партия комитетінің кітапханасын мысалға алайық. Мұнда маркстік- лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистерге арналып, бірнеше лекторийлер (СОКП тарихын, философияны, саяси экономияны, совет мемлекетінің сыртқы саясатын, халықаралық жағдайды үйрену жөніндегі лекторийлер) ұйымдастырылды және қазір олар өз міндеттерін ойдағыдай атқаруда. Қалалық партия комитеті лекторлық жұмысқа білімдері мен тәжрибелері мол, қабілетті насихатшыларды бөлді. Сондықтан да мұнда оқылған лекциялардың сапасы жоғары болып, тыңдаушыларды толық қанағаттандырып келеді.

Партия комитетінің кітапханасында программалық жеке тақырыптар бойынша консультациялар өткізіп отыру да маркстік -лениндік теорияны үйренушілер үшін үлкен көмек болып табылады. Мұндай жұмыс жоғарыда аталған кітапханада тыңғылықты ұйымдастырылған. Мұнда консультация беруші насихатшылардың күн сайынғы кезекшілігі де бар.

Оларды насихатшылар армиясының қалың көпшілігіне үнемі таратып отыруға міндетті. Мұндай жұмысты үздіксіз жүзеге асырып отыру насихат жұмысының жақсаруына, сөз жоқ, игі әсерін тигізеді. Алайда бірқатар аудандық партия комитеттерінің кітапханалары алдыңғы қатарлы насихатшылардың озат тәжрибелерін ортаға салу, сөйтіп оларды насихатшылардың өз жұмысында қолданып отыруына мүмкіндік туғызу ісіне жете мән бермей келеді. Мәселен, бұл жағдай Преснов аудандық партия комитетінің кітапханасында кездесті. Өткен оқу жылында мұнда насихатшылардың тәжрибелерін баяндайтын бірде-бір көрнекі материал болмады. Кітапхананың жұмысын партия комитеті үнемі бақылап, басқарып отырған жағдайда ғана жақсартуға болады. Алайда ҚКП Преснов аудандық комитеті өз кітапханасының жұмысымен шұғылданбаған, тіпті оны ұмыт қалдырған. Мұншалықты салғырттықтың салдары ауданда насихат жұмысының жақсаруына кері әсерін тигізбей қойған жоқ.

Коммунистердің, сондай-ақ бүкіл партияда жоқ бұқараның саяси білім дәрежелері күннен- күнге артып отыр. Осыған байланысты олар саяси әдебиетті оқуға барған сайын ынталана түсуде. Сондықтан да партия кітапханаларының маңызды міндеттерінің бірі осы ынталануды барлық жағынан да қолдап отыру болып табылады. Бұл үшін кітапханаларда жақсы, жаңа кітаптарды насихаттау ісін кеңінен жүргізу қажет болады. Тек саяси әдебиет қана емес, сонымен бірге көркем әдебиет жаңалықтарын да маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистерге, насихатшыларға, лекторларға, консультацияшыларға ұсынып отырған жөн. Өйткені болмысты социалистік реализм тұрғысынан суреттейтін совет әдебиеті теориялық қағидаларға өмірден бай материал, қорытылған мысалдар бере алады. Тәжрибелі насихатшылардың әдетте көркем әдебиеттен де мысал келтіріп отыратыны да сондықтан.

Партия кітапханалары насихат жұмысының нағыз орталығы, ұйтқысы болуға тиіс деп көрсеттік. Алайда көптеген аудандық кітапханалардың жұмысы мұндай талаптың дәрежесіне сай болмай отыр. Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылының басталғанына біраз уақыт өткенмен, қазіргі жағдайда аудандық партия кітапханалары маркстік- лениндік теорияны кеңінен насихаттау ісіне жеткілікті дәрежеде үлес қоса алмай келеді. ҚКП

# Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы жарыс

☆

### Мерекеге тартуымыз

Булаев өндіріс комбинатының коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы құрметіндегі бүкілхалықтық жарысқа ұштаса отырып, өздеріне ұлғайтылған жаңа міндеттемелер алған еді. Бұл міндеттемелерді аброймен орындап шығу үшін коллектив мүшелері еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра беруге аянбай күш жұмсады. Комбинаттың әрбір жұмысшысы өзі істейтін цехта алған міндеттемені асыра орындап мереке алдындағы күндерде жаңа табыстарға ие болды.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Октябрь революциясының 37 жылдығына арнаған Ұрандарымен жігерленген Булаев өндіріс комбинатының жұмысшылары жылдық өндіріс программасын мерзімінен бұрын орындап, елеулі табысқа ие болды. Мұнымен бірге, коллектив мүшелері үстіміздегі жылдың аяғына дейін елімізге 500 мың сомның товарын өндіруді жоспарлап, қазірдің өзінде 176 мың сомның товарын өндірді. Комбинат цехтарының көпшілігі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс сапалы өнім беруде.

Халықтық мереке алдындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындау үшін күресте киім тігу цехының коллективі бірінші орынға ие болды. Цех адамдары 1954 жылдың ішінде 275 мың сомның өнімін өндіруге міндетті болса, цех қазірдің өзінде 671 мың сомның өнімін беріп, өндірістік программаны екі еседен асыра орындауға жетісті. Цехтың шеберлері Д. Сергеева, К. Анохин жолдастар сменалық тапсырманы 125—135 процент орындауға жетісіп жүр.

Аяқкиім тігу цехының адамдары да еңбек өнімділігін арттыра беру үшін күресуде. Цех мың пардан астам аяқкиім тігіп шығарды. Осы цехтың шебері А. Жуков жолдас сменалық тапсырманы үнемі асыра орындап келеді.

Коммунист Г. Новиков жолдас басқарған кірпіш заводының адамдары жүздеген мың кірпіш құйып, жарты миллионға жуық кірпішті күйдіріп шығарды.

Комбинат коллективі еңбек өнімділігін арттырып, жоспардан тыс 500 мың сомның өнімін беру жөнінде алған міндеттемесін аброймен орындап шығу үшін күресуде.

☆



Партияның шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруге Краснодардан келген Т. Потиенко жолдас Маленков атындағы астық совхозында жұмыс істейді. Ол «С-80» тракторымен жұмыс істеп, күнделік нормасын үнемі асыра орындайды.

Жуық арада совхозда түпкілікті тұруға оның зайыбы да келді. Қазір ол ерімен бірге тіркеуші болып жұмыс істеп жүр.

СУРЕТТЕ: **Потиенколар.**

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

☆

### Үлгілі сауыншылар

Булаев ауданының Сталин атындағы колхозының озат сауыншылары мен алдыңғы қатарлы мал өсірушілері СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған Ұрандарымен жігерленіп, еңбек қарқынын барынша үдете түсуде. Сауыншылар сиырдан сүтті мол саууға, мал өсірушілер өздерінің қарамағындағы малдың күйлі болуына, төл күтушілер әрбір жас төлдің тез өсіп жетілуіне, шығынға ұшырамауына, сөйтіп, қоғамдық малдың санын арттыруға күш жұмсауда.

Бұл қажырлы еңбектерде жаңа табыстарға жетушінің бірі, депутат сауыншы Салиха Омарова. Ол өзіне бекітіліп берілген 16 сауын сиырдан 16 бұзауды шығынсыз аман өсіріп, оны бұзау күтушілерге табыс етті. Омарова жолдас фермада көп жылдан бері сауыншы болып істеп келеді. Осы уақыттар ішінде ол мыңдаған литр сүт сауды. Тек өткен жылы ғана өзінің қарамағындағы 14 сиырдан 14 бұзауды аман өсіріп, сиырлардың әрқайсысынан 1250 литр сүт саууға міндеттенген болатын. Ол өз міндеттемесін асыра орындап, әр сиырдан 1500 литрден сүт саууға жетісті.

Үстіміздегі жылы Салиха Омарова өзінің қарамағындағы 16 сиырдың әрқайсысынан 1600 литрден сүт сауды, қазір мереке құрметіндегі жарысқа ұштасып, жоспардан тыс сүт сауып жүр. Осы сияқты колхоздың озат бұзау күтушісі Линда Кин жолдас та өзіне бекітіліп берілген 30 бұзауды шығынсыз аман өсіріп, олардың тәуліктік салмағын көрсетілген жоспардан 75-100 грамм арттырып отыр. Бұл жолдастардың қажырлы еңбектерін бағалай келіп, колхоз басқармасы әрқайсысына қосымша ақы ретінде бір- бір бұзаудан берді. Ал колхозда мұндай озат мал өсірушілер көптеп саналады.

Мәселен, малшылар Ә. Оспанов, Р. Жахин жолдастар қысы-жазы сиыр малын бағып күтеді. Олар әр малдың жақсы азықтануын, уақытылы су ішуін қадағалап отырады. Сауын сиырлардың құнарлы болуына, сүтті мол беруіне бұлар да үлес қосуда. Қазір фермадағы мал өсірушілер мереке құрметіндегі жарысты күшейтіп, жаңа табыстарға жетісу жолында қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

**М. ЗАҒЫПАРОВ.**

## Локомотивті жүргізе біл

Темір жол транспортының халық шаруашылығына қажетті жүктерді белгіленген мерзімде тасып жеткізу еліміздің экономикасын онан әрі нығайта беруге совет еңбекшілерінің әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін гүлдендіре беруге келелі үлес қосқандық болып табылады.

Бұл міндеттерді аброймен орындап шығу үшін әрбір локомотивтің күшін сарқа пайдаланып, олардың жүру жылдамдығын тездету және жол жүргенде уақыт үнемі жолындағы күресті барған сайын өрістете беру паровозшылардың басты

—776 паровозымен артық жүк тиелген 19 составпен 6626 тонна халық шаруашылығына қажетті жүктерді Мокушин және Есілкөл станцияларына белгіленген мерзімнен бұрын жеткіздік. Сапарға шыққанымызда жолдағы станциялардан 13 рет қосымша су алуға тоқталмай өтіп, едәуір уақыт үнемдедік.

Сонымен бірге, еліміздің озат машинистері қолданып жүрген әдіс—паровоздарды ағытпастан айналымға тез беруді кеңінен қолданып, өткен бір ай ішінде 22 паровозды составтан ағытпастан ай-

## БЕРГЕН СЕРТКЕ БЕРІК БІЗ

Әрине, кітапханалардың жұмысы лек-ция, консультациялар ұйымдастырумен өтпейді. Партия комитетінің кітапханалары коммунистердің саяси әдебиетті оқуға ынталылығын арттыра білулері керек. Партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылындағы жаңа жағдай кітапханалардың жұмысты ескіше жүргізуін көтермейді. Әрбір партия кітапханасының жүйелі каталогі, журнал және газет мақалаларының пән- тақырыптық каталогі, партия оқуы жүйесінің, лекторийлердің тематикалары бойынша әдебиеттердің картотекалары жүйелі түрде жаңа материалдармен толықтырылып отырса, маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер үшін де сондай-ақ оны үйірмелер мен мектептерде үйренушілер үшін де қажетті әдебиеттер мен материалдарды уақытында пайдаланып отыруына жеңілдік жасайды. Сонымен бірге, партия комитеттерінің кітапханалары саяси және көркем әдебиеттердің де тізімдерін жасауға тиіс. Әсересе үйірмелер мен мектептерде оқылатын әрбір тақырыпқа сәйкес көрнекі құралдар мен жергілікті материалдарды іріктеп отырған дұрыс болады.

Партия комитеттерінің кітапханалары насихатшыларға, лекторларға және баяндамашыларға, үгітшілер коллективтерінің жетекшілері мен үгітшілерге қажетті әдебиеттер мен материалдарды жеке стенділерге бөлуі керек. Мәселен, «Насихатшыға көмек», «Үгітшілерге көмек» стенділерінің материалдары жеткілікті мөлшерде болуға тиіс.

Сондай-ақ, партия кітапханалары озат насихатшылардың тәжрибелерін қорытып, Соколов аудандық комитетінің кітапханасы бұған айқын мысал бола алады. Мұнда саяси және көркем әдебиеттердің тізімі, жүйелі, пән- тақырыптық каталогтер мүлде жасалмайды. Сондай-ақ, насихатшыларға, үгітшілерге көмек стенділері, іріктелген көрнекі құралдар, жергілікті материалдар да жоқ. Кітапханада маркстік- лениндік теорияны өздігінен үйренушілер үшін лекторийлер де ұйымдастырылмаған. Міне, сондықтан да мұнда кітап оқушылардың саны арту орнына, жылдан- жылға кеміп келеді. Аудандық партия комитеті бұл жағдайды біле тұра, күні осы уақытқа дейін кітапхананың жұмысын жаңа оқу жылындағы талаптарға сәйкес жақсарту шараларын белгілемей отыр.

Аудандық партия комитеттері ескермей келе жатқан бір жағдай —партия кітапханаларының жылжымалы бөлімшелерін ұйымдастыру. Ал мұндай жұмыс аудан жағдайында аса қажет. Өйткені жылжымалы кітапханаларды ұйымдастыру жергілікті жердегі насихатшыларға, маркстік-лениндік теорияны үйренуші коммунистерге қолма- қол көмек болып табылады.

Партия комитеттері өздерінің кітапханаларының жұмысындағы аталған кемшіліктерді жедел жоюлары керек. Сөйтіп партия кітапханалары коммунистердің маркстік- лениндік ілімді терең меңгеруіне керекті жағдайдың бәрін де қамтамасыз ететін іскер орталық дәрежесіне сай жұмыс істейтін болсын.

## Зябь жыртудың мемлекеттік жоспарын орындады

АЛМАТЫ, 3 ноябрь. (СОТА). Қазақ ССР-нің колхоздары мен совхоздары бүгін зябь жыртудың мемлекеттік жоспарын орындады. Республика МТС-тері өздері қамтыйтын колхоздарда бес миллион үш жүз елу мың гектар зябь жыртты, бұл өткен жылы осы мерзім ішінде жыртылғанынан екі миллион үш жүз елу төрт мың гектар артық. Зябь жырту жөніндегі тапсырманы Қазақстан совхоздары 8,5 процент асыра орындады. Зябь жырту әлі жүріп жатыр.

## Трактор жұмыстарының жылдық жоспарын орындады

АЛМАТЫ, 3 ноябрь. (СОТА). Қазақстан МТС-терінің механизаторлары Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын еңбекте тамаша табыстармен қарсы алуда. Трактор жұмыстарының жылдық жоспары мерзімінен екі ай бұрын аяқталды. Жыл басынан бері МТС-тер жұмсақ жерге айналдырғанда 42 миллион гектардан астам трактор жұмыстарын орындады.

## Мектеп бітіріп шығушыларға медаль тапсыру

Москвада 1953—1954 оқу жылында мектеп бітірген жас жігіттер мен қыздарға алтын және күміс медальдар тапсыру аяқталды.

Оқудағы көрнекті табыстары, терең білім және үлгілі тәртібі үшін астананың орта мектептері мен жұмысшы жастар мектептерін бітіріп шыққан 4584 оқушы медаль алды. Бұлардың ішінен біржарым мыңнан астам оқушы алтын медальмен наградталды. Әсересе, №№ 235, 528, 613, 656, 610, 661, 101 мектептерде медаль алғандар көп.

(СОТА).

## „Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ереже" басылып шықты

Қазақтың мемлекеттік баспасы «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ережені» жеке кітапша етіп басып шығарды.

Кітапша көп тиражбен басылды.

М. БАЛАШОВ,

**Булаев аудандық өндіріс комбинатының директоры.**

## Жоспар орындалды

Преснов ауданы, Николаевка МТС-і үстіміздегі жылға белгіленген зябь жырту жоспарын артығымен орындап шықты. МТС қамтуындағы үш колхоз да көктемгі егісті күнібұрын әзірленген жерге себетін болады. Қазір бұл колхоздарда 11371 гектар зябь жыртылды.

МТС механизаторлары жер өңдеудегі Мальцев әдісін өндірісте қолдану мақсатымен 124 гектар жерді 40- 45 сантиметр тереңдікте қайырмасыз плугпен жыртқан болатын.

Пар және зябь жырту кезінде № 6 трактор бригадасы ерекше көзге түсті. Мұнда маусымды жұмыс жоспары мерзімінен бұрын асыра орындалып 4 центнер жанар, жағар майлары үнемделді.

Тракторлардың маусымдық жұмыстарын табысты атқарып шыққан озат трактор бригадалары қазір колхоздың мал қоралары жанына шөпті трактормен тасу ісіне қызу кірісуде.

**Е. БИМЕНДЕ.**

міндеті болып отыр.

Мен 1930 жылы Омск қаласында паровоз машинистерін даярлайтын мектепті бітірген едім. Сол жылдан бері осы Петропавл паровоз депосында аға машинист болып істеймін. Көп жылдар бойы машинист болып еңбек еткенімде мен локомотивті жақсы техникалық күтімде ұстап, оны күрделі жөндеуден өткізгенде, немесе көтеріп жөндегенде және жуып тазалағанда бірде-бір ақау жібермей, жол жүргенде барлық техникалық ережелерді бұлжытпай орындағанда ғана — еңбек өнімділігін еселеп арттырып, ауыр жүк тиелген составтарды көп алып жүруге, қосымша су алуға тоқталмауға және локомотивті ағытпай айналымға тез беруге болатындығына әбден сендім.

Сондықтан мен әрдайым паровоздың техникалық күтімінің жоғары болуына онымен сапарға шыққанда техникалық ақаудан жолда тұрып қалуын кездестірмеудің барлық жағдайын жасауға баса назар аударамын. Міне соның нәтижесінде сапарға шыққанымда үнемі артық жүк тиелген составтарды белгіленген уақыттан әлде қайда бұрын жеткізіп отырамын.

Үстіміздегі жылдың өткен октябрь айындағы жұмысымыз да игілікті табыспен аяқталды. Бұл айда біздің бригада № 19 ...налымға бердік. Бұл жол жеткен табыс бізді қанағаттандырмайды. Біз бұдан былай да халық шаруашылығына қажетті жүктерді көп және мерзімді уақытында тасымалдау үшін, локомотивтің күшін сарқа пайдаланып, еңбек өнімділігін арттыра беретін боламыз.

Темір жол транспортында көп жылдар адал еңбек етуім, үй тұрмысымды жақсартпай қойған жоқ. Менің қазіргі айлық табысым 3500—4000 сомға дейін жетіп отыр. Қарамағымдағы семьямның тұрмыс қажетінен артылған ақшаға мен жақын арада «Победа» автомашинасын сатып алуды ұйғардым.

СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған Ұрандарында бізді, темір жол транспортының қызметкерлерін, поездардың шапшаңдығын арттыруға, вагондар мен локомотивтердің айналымын тездетуге шақырды. Туысқан Коммунистік партияның шақыруына еңбектегі жаңа табыстармен жауап беруді өзімнің ардақты борышым, абройлы ісім деп білемін.

**Н. БУБЕНЧИК,**

**Аға паровоз машинисі, ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруші.**

Совет халықтары өнеркәсіп орындарынан көпшілік тұтынатын товарларды көп және сапалы өндіруді, әсресе, тігілетін киім- кешектердің жұртшылыққа ұнамды, сыртқы көрінісінің әсем, көрікті, берік болуын талап етеді.

Еңбекшілердің осындай зор талаптарын бұлжытпай орындау күресіне ұштасқан біздің модылы киімдер тігетін № 3 цехтың коллективі едәуір жаңа табыстарға ие болды.

Мұндағы барлық тігіншілер еліміздің өндіріс озаттарының іс тәжрибелерін өз жұмыстарында кеңінен қолданып еңбек өнімділігін еселеп арттырумен бірге, шығарылатын өнімнің сапасын да жақсартты.

Цех коллективі үстіміздегі жылдың өткен он айында жоспар бойынша 36 мың сомның өнімін шығаруға міндеттенген еді. Бұл мерзім ішінде цех облыс еңбекшілерінің заказдары бойынша 52 мың сомның киімін тігіп, алынған социалистік міндеттемені 134 процент орындап шықты.

Цехтың озат тігіншілері К. Гончарук, М. Клюева және комсомолка Н. Суслова жолдастар үнемі жоғары сапалы өнім шығарды. Олар сменалық тапсырмаларын 100—150 процентпен асыра орындап, коллектив құрметіне бөленулі.

Бұл күндері цехтың барлық мүшелері Советтер Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің даңқты мерекеге арнаған Ұрандарымен жігерленіп, өнімді көп және сапалы шығару жолындағы социалистік жарысты барған сайын өрістете түсуде.

**М. ЧУЙКИНА,**

**Қаладағы «1-май» кәсіпшілік артелінің № 3 цехының киім пішушісі.**

# Ауыр жүк тиелген поезд жүргізушілер

Петропавл паровоз депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу үшін жарысқа ұштасып, алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Ауыр жүк тиелген поездар санын көбейте беру үшін машинистер арасындағы социалистік жарыс та бұрынғыдан әлде қайда күшейе түсіп, еңбек өнімділігінің арттырыла беруіне, халық шаруашылығына қажетті жүктерді көптеп тасуға мүмкіншіліктер берді.

Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүру және поездан ағытпай паровоздарды айналымға беру үшін Петропавл жол бөлімшесінің паровозшылары арасында жарыс ұйымдасқан түрде жүргізілуде. Паровоз бригадаларының мүшелері бірінің жұмысына бірі көмектесіп, паровоздардың техникалық жылдамдығын арттыра беру үшін қажырлылықпен еңбектенуде. Осының нәтижесінде үстіміздегі жылдың октябрь айында ғана ауыр жүк тиелген 1732 поезд жүргізіліп, жоспардан тыс бірнеше жүз мың тонна жүк тасылды. Өткен сентябрь айымен салыстырғанда октябрьде ауыр жүк тиелген эшелондардың саны 328-ге артып, жүз мың тоннадан астам жүк тасылғанын айтсақ, Октябрь мерекесі алдындағы жарыста машинистердің еңбек өнімділігін арттыра түскенін айқын көреміз.

Таңдаулы машинистер локомотивтердің техникалық жылдамдығын арттырып, жолда қосымша су алмастан сапарға шығудың санын үнемі көбейте берудің нәтижесінде отын үнемдеу жөніндегі алған міндеттемелерін де аброймен орындап шықты. Тек октябрь айында ғана ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруші машинистер 256,6 тонна отын үнемдеп, елеулі табысқа ие болды.

Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруді жақсарта түсу жолындағы жарыста комсомолецтер Г. Кияница және М. Фролов жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен, әсресе локомотивтерді пайдалануды жақсарта берудегі табыстарымен ерекше көзге түсті. Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруші Кияница және Фролов сияқты машинистер паровоздарды поездан ағытпастан және жолда қосымша су алуға тоқтамастан сапарды ойдағыдай аяқтаудың тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Аға машинист Г. Кияница жолдас басқарған паровоз бригадасы октябрь айында ауыр жүк тиелген 23 поезд алып өтіп, жоспардан тыс 9877 тонна жүк тасуға жетісті. Оның үстіне, паровоз бригадасы мүшелерінің паровозды техникалық жағынан мінсіз күтімде ұстай білуінің арқасында бүкіл октябрь айында паровоз бірде-бір рет жөндеуге қойылмады, сөйтіп, ақаусыз жұмыс істеу қамтамасыз етілді.

Петропавл паровоз депосының атақты машинисі, коммунист А. Слюнько жолдас ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруде үлкен іскерлік, ұқыптылық және еңбек тәртібін сақтаудың тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Слюнько жолдас басқарған паровозшылар бүкілхалықтық мереке құрметіне октябрь айында ауыр жүк тиелген поездардың санын 25-ке жеткізіп, жоспардан тыс 10345 тонна жүк тасып, көрнекті өндірістік табысқа ие болды.

Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруші машинистердің саны жол бөлімшесінде күн санап көбейіп келеді. Әрбір машинист ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруді өзінің үлкен азаматтық борышы деп есептеп, социалистік жарысқа ұштасуда, осы арқылы еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Осындай таңдаулы машинистердің қатарына соңғы уақытта қосылған паровозшылардың бірі № 19-381 паровоздың машинисі Плотохин жолдас. Ол Макушин мен Петропавл арасында 5100 тонна жүк тиелген поезды алып өтіп, жүк тиеудің нормасын біржарым есе орындады. Өзінің ұқыптылық және іскерлік көрсетуінің нәтижесінде ауыр жүк тиелген поезды Петропавл станциясына расписаниеден 15 минут бұрын жеткізді. Плотохин жолдас составты алып келісімен паровозды поездан дереу ағытты да машинист Полунычев жолдасқа тапсырды. Ол өзінің бригадасымен ауыр жүк тиелген поезды тез қабылдап, жолда қосымша су алмастан Есілкөл станциясына дәл уақытында жеткізді.

Петропавл паровозшылары бүкілхалықтық мерекені жаңа табыстармен қарсы алу үшін локомотивтерді пайдалану ісін жақсартып, біздің табысымызды молайта беретін негізгі шарт —еңбек өнімділігін еселеп арттыра беретін болады.

**В. АХРЕМЕНКО,**

**Петропавл паровоз депосының операторы.**

## Жоспардан тыс өнім

Бүкілхалықтық мереке қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, шағын двигательдер заводының мотор құрастырушылары мереке алдындағы көтеріңкі міндеттемелерін ойдағыдай орындап шықты. Олар он айлық өндірістік жоспарды асыра орындады. Сөйтіп жоспардан тыс берген өніммен басқа 300 мың сомнан астам мемлекет қаржысын үнемдеді. Мұнда өткен он айдың ішінде орта есеппен алғанда әрбір жұмысшы жоспар бойынша 25500 сомның өнімін шығаруға тиіс болса, олар оның орнына 26580 сомның жоғары сапалы өнімін шығарды.

Мереке құрметіндегі еңбек вахтасында жөндеу- механикалық, ұста-пресс, жыйнақтау цехтарының қызметкерлері өздерінің қажырлы еңбегімен ерекше көзге түсті. Қазір таңдаулы жұмысшылар слесарь-жыйнаушы Николай Костылев, токарь Тимофей Лящев, құюшылар Дорфан, Алпеев, бұрғылаушы Яковлев және басқалар алдағы жылдардың есебіне еңбек етіп жүр. Олардың күнделікті жұмыс көрсеткіші 200 проценттен асады.

**Р. ХАМИТОВ.**

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# Аудандық комитет өз газетін неге бағаламайды

Конюхов ауданында қайнаған еңбек. Колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлері ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкмет белгілеп берген программаны жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Быйыл олар бітік егін өсіріп, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейінгі бір жыл ішінде колхоздардың экономикасы анағұрлым нығайып, колхозшы шаруалардың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесі артты. Бірақ аудандық «Сталинский путь» газеті (редакторы Самсонов жолдас) ауданның мұндай алуан түрлі өмірін жан-жақты, мазмұнды жаза алмай келеді.

Соңғы кезде газет бетінен озат колхозшылар мен механизаторлардың, колхоз председательдерінің, бастауыш партия ұйымдары секретарьларының мақалаларын іздеп табу қыйын. Демек газет редакция қызметкерлерінің және колхоздарға барып келіп жүрген біраз аудан қызметкерлерінің қолымен ғана жасалып жүр.

Бұл неліктен? Өйткені редакция ауыл-село тілшілерімен байланысты әлсіретті. Сондықтан хат тасушы редакцияға күніне небары бір-екі хат қана әкеледі. Кей күндері бұл да жоқ. Осылай болғандықтан газеттің мазмұны, оның аудан өмірінен артта қалуы жөнінде қандай сөз болуы мүмкін?

Оқушы жолдастар аудандық партия комитеті қайда, ол өз газетінің мазмұны төмен болуына қалай төзіп келеді, деп сұрауы мүмкін. Бұл —өте орынды сұрақ. Жауап берелік. Аудандық партия комитеті өзінің газетін бағаламайды. Әңгіме осы жөнінде болғалы отыр.

Аудандық партия комитеті газетке басшылықты редакцияның айлық жұмыс жоспарын формальді бекітумен ғана тындырып келеді. Бюро мәжлісіне редактор Самсонов жолдас не жазып апарса, сол бекітіледі, бюро мәжлісінде редакцияның жұмыс жоспары мұқыят талқыланбайды. Екіншіден, аудандық комитет өзі бекіткен редакцияның жұмыс жоспарының орындалуын тексермейді. Осы себепті айлық жұмыс жоспарларында көрсетілген бірқатар шаралар жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қояды.

Осы жылғы июль айында аудандық комитет редакцияның жұмысы жөнінде Самсонов жолдастың хабарын тыңдады. Мәселенің үстірт талқыланғаны сонша, аудандық партия комитетінің бюро мүшелері редакцияның сол айда жоспарсыз жұмыс істеп отырғаны жөнінде де айтпады. Олар күні бұрын дайындалған қаулы жобасына ешбір өзгеріс енгізбей, қабылдай салды. Қаулы ұйымдастыру жұмысымен бекітілмей, келесі күні архивке тігіледі. Осыдан кейін редактор Самсонов жолдас жұмысқа жауапкершілігін бұрынғыдан да әлсіретті, ауыл-село тілшілерінен қол үзді. Аудандық комитеттегілер бұл жағдайға немкетті қарап отыра берді.

Газетке басшы партия, совет қызметкерлерінің үнемі қатысуының маңызы зор екені мәлім. Өйткені олар қалың бұқараның арасында жиі болады, жергілікті жерлердегі жағдайды жете біледі. Сондықтан аудан басшылары жеке фактілерге талдау, қорытынды жасау арқылы газет бетінде шаруашылық-саяси жұмыс жөнінде күрделі мәселе көтере алады. Сонымен қатар басшы қызметкерлердің газетке қатысуы олардың маңызды міндеттерінің бірінен саналады, басшылық етудің әсерлі түрі болып табылады.

Алайда Конюхов ауданының басшылары мұны естен шығарған. Аудандық партия комитетінің секретарьлары Макаров, Қаскеев жолдастар үстіміздегі жылы аудандық газетке бірде-бір рет мақала жазған емес. Осылай болғандықтан олар басқаларға үлгі көрсетіп, газет жұмысына белсене қатысуды талап ете алмай жүр.

Бірқатар басшы қызметкерлер редакцияның аудандық комитет бекіткен жұмыс жоспары бойынша мақала жазудан бас тартуды әдетке айналдырған. Мәселен, редакцияның февраль айындағы жұмыс жоспарында аудандық партия комитетінің Суворов МТС-і аймағы жөніндегі секретары Лукьянов жолдастың «МТС-тің колхоздармен шарт жасасуын ұйымшылдықпен өткізейік» деген мақаласын жариялау қарастырылды. Бірақ Лукьянов жолдас түрлі бөгде себептерді бетке ұстап, мақаланы екі ай бойы жазбады, соңынан ол мақала жазудан мүлдем бас тартты. Аудандық партия комитетінің Чистян МТС-і аймағы жөніндегі секретары Брек жолдас жөнінде де осыны айтуға болады. Ол июнь айында «Коммунистердің авангардтық ролі», сентябрь айында «Коммунистер астық үшін күресте» деген тақырыпта мақалалар жазу жөнінде редакцияны бір неше рет сендірді. Бірақ ол да редакторға «мақала жазу қыйын, бұл үшін көп ойлану керек, ал мен болсам секретарьмын, уақытым жоқ» дегенді айтып, иегін бірақ қақты.

Конюхов ауданында редакция қызметкерлеріне «Сен өзің жаз, мен қол қояйын» дейтін басшылар да жоқ емес. Олардың қатарына еңбекшілер депутаттары аудандық Совет аткомінің председателі Филиппенко жолдасты қосуға болады.

Жазды күні редактор Самсонов жолдас Филиппенко жолдасқа пар жырту жөнінде мақала жаздыру үшін аудандық атком кеңсесінде бірнеше күн жүрді.

—Сен дамыл бермедің ғой, жарайды өзің мәліметті ал да, жаз, мен қол қояйын. Осыған да риза бол, — деді ол бір күні редакторға.

Бір түнде редактор атком председателінің мақаласын өз қолымен жазып шықты. Ертеңіне Филиппенко жолдас мақаланы шала-шарпы оқып шығып, қол қойды. Сөйтіп, газеттің 1954 жылғы 10 июньдегі номерінде Филиппенконың жасанды мақаласы жарияланды. Ол мақалада Филиппенко жолдастың ойынан шыққан бір ауыз сөз жоқ. Сондықтан газет оқушылары Филиппенко жолдастың баспасөз бетінде өзінің пікірін емес, біреудің пікірін ұсынуына қатты қынжылады. Газет мақаласы тек қол қоя салатын атком қызметкерлері дайындаған қаулы, нұсқаулардың жобасы емес қой. Газетке мақала жазу —мыңдаған еңбекшілермен сөйлесу, оларға кеңес беру, сөйтіп, өзінің партиялық борышын орындау. Филиппенко жолдас мұны неге түсінбейді?

Конюхов аудандық партия комитеті өзінің «Сталинский путь» газетіне басшылықты жақсартып, оның идеялық мазмұнын арттыруға міндетті.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**
**(Өз тілшіміз).**

## Партия ұйымын не үшін сынады

Баян МТС-і партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында коммунистер партия ұйымының бір жылғы жұмысына терең талдау жасады. Олар партия ұйымының жұмысына СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдарының қаулыларын жүзеге асыру тұрғысынан қарады.

МТС механизаторларының қажырлы еңбектерінің нәтижесінде колхоздарда үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемі 5 мың гектар ұлғайды. Коммунистер комбайншы Қалмыков және басқалары еңбекте өнеге көрсетіп, социалистік міндеттемелерін ... сомол ұйымдары ұйымдастырылды. Олар бригадада бұқаралық- саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыру ісінде зор күш. Бірақ МТС партия бюросы комсомол ұйымдары мен партия топтарының жұмысына басшылық пен бақылауды әлсіретті. Осының себебінен бірқатар трактор бригадаларында партия топтары мен комсомол ұйымдары өндірістік жұмыстарға қажетті ықпал жасай алмады. Мәселен, Кубрушко жолдас өзі жұмыс істейтін трактор отрядында жазғы дала жұмысы кезінде партия тобы жыйналыс өткізіп, онда өндірістік жұмыстар жөнінде бірде-бір мәселе талқыламағанын айтты.

## ОЛАР ЕШҚАЙДА ДА ОҚЫМАЙДЫ...

Каганович атындағы колхозда (Совет ауданы) комсомолецтерге арналған саяси мектепте 10 адам оқуға тиісті. Алайда оқу жылының алғашқы күнінен бастап, осы уақытқа дейін мұнда сабақтар өткізілмей келеді. Бастауыш комсомол ұйымының секретары Сбитняя жолдас тыңдаушыларды мектепке әлі де қамтый алмай жүр. Себебі ол комсомолецтердің бірде-біреуімен жеке әңгіме өткізбей, оларды мектепке тек сырттан жазып қойған.

Мұнда партия, комсомол оқуы жүйесінде еріктілік принципі бұрмаланылып жүр.



Украин астық совхозында азық- түлік және өнеркәсіп товарлары магазинінің құрылысы аяқталып келеді.
СУРЕТТЕ: жаңа магазиннің құрылысы. Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

## Жаңа жерлер игерілетін аудандарда автомобиль жолдарын салу

Тың және тыңайған жерлер игерілетін алыс аудандардан астық және басқа ауылшаруашылық өнімдерін темір жолдарға тасып жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қазақстанда ұзындығы 2600 километр жаңа автомобиль магистральдары салына бастады.

Көкшетау облысындағы қыйыршық тас жолдың бір бөлегі ұзындығы 110 километр Еленовка —Тахтаброд — Чистопольье— Жақсы станциясы участогінде қазірдің өзінде салынып бітті. Осы облыста ұзындығы осындай болатын Ставрополье —Марьевка автомобиль жолы салынады. Қойбағар —Қарасу —Урицкое автомобиль тас жолында қазірдің өзінде 20 километр жерге құм топырақ төселді. Мұнымен қатар Қостанай — Введенка, Разъезд № 63—Жайылма, Урицкое—Ставропольское —Рузаевка, Жітіғара — Денисовка, Жітіғара — Бреды станциясы жолдарын салу белгіленген.

Орал қаласын Батыс Қазақстан облысының аудан орталығы Жымпитымен жалғастыратын автомобиль жолының табанына топырақ төсеу жұмыстары басталды. Ақмола облысында мынадай автомобиль магистральдары салынуда: Ақмола —Романовка —Нұра, Астраханька—Жалтыр станциясы —Макинка, Есіл станциясы —Ишимское, Солтүстік Қазақстан облысында Мамлютка станциясы — Пресновка —Демьяновка, Қыялы станциясы —Явленка жолдары; Ақтөбе облысында Ақтөбе —Ново- Алексеевка жолы; Қарағанды облысында Киевка —Осакаровка—Жаңасар жолы; Семей облысында Семей—Бородулиха —Вавилоновка, Жаңасемей—Знаменка жолдары және Павлодар облысында Павлодар —Качиры —Михайловка, Иртышское —Новотройцкий — Бестөбе жолдары салынып жатыр.

Көкшетау —Балкашино, Қостанай —Демьяновка және Петропавл — Марьевка автомобиль жолдарын салу белгіленді.

Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін республикада тағыда 12 машина-жол станциялары ұйымдастырылады. Қостанайда Қазақстан жол- құрылыс басқармасы құрылады. Құрылысшылар қуатты техника алады, яғни олардың қарамағына 200-ден аса шынжыртабанды трактор, 54 жылжымалы электр станция, 500-ден грейдер, 260 скрепер, мала мен бульдонаторлар, асфальт араластырғыштар, мезерлер, 43 экскаватор, ондаған автогудронаторлар асфальт араластырғыштар, механикалық тиегіштер беріледі. Машина-жол станцияларына арналып жалпы көлемі 12 мың шаршы метр стандартты ағаш тұрғын үйлер бөлінуде.

Жаңа автомобиль жолдарының алғашқы жүздеген километрін келесі жылы пайдалануға беру белгіленді. Бүкіл 2600 километрлік автомобиль жолдары 1957 жылы түгелдей іске қосылады.

(ҚазТАГ).

## ЖАҢА СОВХОЗДАРҒА БАРУДА

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Бұл күндерде совхоздар тресіне келушілер саны көбейе түсті. Оған жұмысшылар, механизаторлар, ауыл шаруашылығының мамандары келіп, өздерін тың және тыңайған жерлерде құрылып жатқан жаңа совхоздарға жұмысқа жіберулі өтінуде. 28 октябрь күні ғана 18 өтініш түсті. Запасқа шыққан Коммунистік партия мен үкметіміздің елімізде астық өндіруді ұлғайту жөнінде белгілеп берген орасан зор жоспарды жүзеге асыруға қатысуды өзімнің борышым деп санаймын».

Патриоттың өтініші қанағаттандырылды. Армия қатарында Волощукпен бірге қызмет еткен Алексеев, Шутов, Дмитриен...

## Сүт тапсыру жоспары асыра орындалды

Облыс совхоздарының мал өсірушілері мал басын көбейтумен бірге, мал шаруашылығы өнімділігін арттыру жөнінде қажырлы еңбек етіп келеді. Әсресе сыйырлардан сүтті көп сауу жөнінде сауыншылар айтарлықтай табысқа жетті. Көптеген совхоздардың сауыншылары әрбір сыйырдан быйыл сүтті өткен жылдағыдан анағұрлым көп сауды.

Совхоз сауыншылары мен мал өсірушілерінің осындай табыстарының нәтижесінде совхоздар тресі бойынша мемлекетке сүт тапсыру жөніндегі жоспар 10 ай ішінде артығымен орындалды. Мамлют, Чистов, Қарағанды, Қыялы, Шағлы совхоздары мемлекетке жоспардан тыс мыңдаған центнер сүт берді.

Сүтті, басқа да мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде және дайындауда бірінші орынға ие болған Мамлют совхозының коллективі совхоздар тресі мен ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды.

**Н. САУЫТОВ.**

## Алғашқы нәтижелер

Булаев МТС-нің механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісті. МТС-те жөндеу жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне толық жағдай жасалып, қажетті бөлшектермен қамтамасыз етілген. Жөндеу жұмыстары торaптық әдіс бойынша жүргізілуде.

МТС-тің таңдаулы тракторшылары Н. Бриславский, В. Сищенко, Г. Щепко жолдастар Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыста тамаша еңбек үлгілерін көрсетуде. Олар өздерінің күнделікті тапсырмаларын біржарым, екі есеге дейін орындап жүр. Сол сияқты, сеялка жөндеушілер Қ. Мүсілімов, Н. Гузь, комбайншылар В. Евдокимов, В. Терехов жолдастар да табысты еңбек етуде.

Механизаторлардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде қазірдің өзінде МТС-те 8 трактор, 10 «Сталинец—6» комбайны және 30 сеялка жөнделіп болды. Жақында тағы да 7 тракторды, 5 комбайн мен 30 сеялканы жөндеу аяқталады,

**Б. ЖАРАСОВ.**

## *Миллион сом табыс*

Коминтерн атындағы колхозда (Булаев ауданы) қоғамдық шаруашылығы өнімділігінің артуына байланысты колхоздың ақшалай табысы да жыл сайын молаюда. Мәселен,колхоздың өткен жылғы табысы 835 мың сом болса, үстіміздегі жылдың он айы ішіндегі табысы бір миллион сомға жетті. Мұның 685 мың сомы мал шаруашылығы өнімдерінен алынған. Колхоз быйылғы жылы мемлекетке 10 мың пұтқа жуық астық, 520 центнер сүт және 200 центнер ет сатты. Мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін сату әлі де жүргізілуде.

болды. Алайда жарыссөзде сөз сөйлеген коммунистердің айтқанындай, партия ұйымы озат механизаторлардың жұмыс тәжрибелерін насихаттау, оны жалпының игілігіне айналдыру сықты маңызды мәселелермен жете шұғылданбады. Осының салдарынан механизатор коммунистер Кубрушко, Шақабаев жолдастар өздері жұмыс істейтін трактор бригадаларында авангардтық роль атқара алмады.

Партия ұйымы жас коммунистерді тәрбиелеу жұмысына да жете көңіл бөлмеді. Партия мүшелігіне кандидаттар Жамыков, Пушкарева жолдастардың кандидаттық стаждарының мерзімі өтіп кеткеніне бірнеше жыл болуын тек осымен түсіндіруге болады.

Көктемде трактор бригадаларының барлығында дерлік партия топтары мен ком-

Коммунистер Аяганов, Шипкин жолдастар өздерінің сөздерінде партия ұйымы қабылданған қаулының орындалуын жеткіліксіз ұйымдастыратынына тоқталып, бұл жөнінде нақтылы мысалдар келтірді. Партия ұйымы механизаторлардың озат тәжрибелерін насихаттау жөнінде арнаулы қаулы алған болатын. Бірақ, не пайда, ол қаулы ұйымдастыру жұмыстарымен бекітілмеуі себепті қағаз жүзінде қалып қойды.

Есеп беру- сайлау жиналысы партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгілеп, қаулы алды. Партия бюросының жаңа құрамы, аудандық партия конференциясына делегаттар сайланды.

**С. ҚАНАФИН.**

**ПРЕСНОВКА. (Өз тілшіміз).**

Осы колхоздың бастауыш партия ұйымындағы жағдай да әлгіндей болып отыр. Бұдан бірнеше жыл бұрын мұнда сауаттандыру мектебі жұмыс істеп, оны бірқатар коммунистер бітіріп шықты. Алайда оларды бастауыш партия ұйымының секретары Гриб жолдас тағы да осы мектепке жазып қойды. «Сауаттандыру мектебі жұмыс істеп жатыр» деген мәлімет аудандық партия комитетіне үзбей барып тұрады. Бірақ ондағылар бұл мектептің қағаз жүзінде өмір сүріп келе жатқанын білмесе керек. Сонымен колхоз коммунистері мен комсомолецтерінің быйыл қайда оқыйтыны белгісіз. Әзірге белгілі болып отырған жағдай мынау: олар ешқайда да оқымайды..

**В. ПРАВДИН.**

былай деп жазған:

Луговой ауданында ұйымдастырылған совхозда жұмыс істегім келеді. Мен трактор, комбайн жүргізе білемін және туыс-

хозда жұмыс істеуге тілек білдірді.

Совет Армиясының запасқа шыққан 460 жауынгері облыстың жаңа совхозларына барып жұмыс істеуге тілек білдірді.

колхоз табысының артуы түрлі құрал-жабдықтар, машиналар сатып алуға, жаңа құрылыстар салуға мүмкіншілік беруде. Кәзір колхозда 7 жүк машинасы бар.

**Б. ЖӘКЕНОВ.**

## Республикамыздың кәсіпорындарында

АБЛАКЕТКА. (Шығыс Қазақстан облысы). (КазТАГ). «Иртышгэсстрой» басқармасының Аблакеткадағы темір бетон бұйымдар заводы осы айда Бұқтарма СЭС-нің құрылысы мен Ұлан МТС-не арнап өнімді бүкіл сентябрьдегіден едәуір артық берді. Завод жылдың аяғына дейін темірбетон бұйымдар шығаруды бір жарым эсе арттырады.

ОРАЛ, (КазТАГ). Оралдың «Красный Октябрь» етік-пима, фабрикасы ноябрьдің есебіне алғашқы өнімді бере бастады. Кәзір ол Қостанай облысының жаңа жерлер игеріп жатқан механизаторларына арнап пима басуда. 7 ноябрьге дейін Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне арналып ондаған мың пима басып шығарады.

СЕМЕЙ. (КазТАГ). Семейдің аяқкиім фабрикасы ноябрьдің есебіне өнім шығаруда. Жылдың басынан бері аяқкиімнің жаңа модельдерінің 12 түрін тігу игерілді.

## Мал қоралары толық жөнделді

Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» ауылшаруашылық артелінде мал қораларын жөндеу үшін арнаулы құрылысшылар бригадасы құрылған болатын. Бригада мүшелері саманнан жаңа қора салды және қораларды толық жөндеуден өткізді. Мал қораларын жөндеуде С. Ыбыраев, М. Есеков, Б. Данияров сықты колхозшылар үлгілі еңбегімен көзге түсті.

**Қ. ТАУБАЕВ.**

# ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Ұлы Октябрь социалистік революциясы бүкіл дүние жүзі халықтарының өмірінде орасан ұлы оқыйға болды. Ол адамзат тарихында жаңа дәуірді — капитализмнің құру және социализм мен коммунизмнің салтанат ету дәуірін ашты.

Октябрь социалистік революциясының халықаралық маңызы алдымен оның дүниежүзілік империализмнің майданын бұзып өтіп, ең зор капиталистік елдердің бірінде буржуазияның өкметін құртып, өкмет басына тарихта бірінші рет пролетариатты қойғандығымен анықталады. Октябрь революциясының жеңуіне байланысты капитализм бірден- бір бүкіл дүниені қамтыйтын система болудан қалды. Октябрь революциясы дүние жүзін екі қоғамдық системаға — құрып бара жатқан капиталистік және өсіп отыратын социалистік системаларға бөлді, бұл капитализмнің жалпы кризисінің онан әрі тереңдей түсуін алдын ала айқындады.

«Октябрь революциясы, —деп жазды И. В. Сталин, — дүниежүзілік капитализмге жазылмас жара салды, бұл жарадан ол енді ешқашан да айыға алмайды... Міне сондықтан да капитализм Октябрьге дейінгі өзінің «тепе- теңдігі» мен «тұрақтылығын» енді ешқашан да қайтарып ала алмайды».

Октябрьдің азаттық идеялары Батыс Европаның барлық елдерінде еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының қозғалысын туғызды. Октябрь социалистік революциясы Шығыс елдерінде ұлт- азаттық қозғалысының қуатты өрлеуін туғызды. Қытайда антиимпериалистік және антифеодалдық революциялық қозғалыс кең өріс алды. Индия, Жапония, Индонезия және басқа елдер халықтарының империалистердің ғасырлық үстемдігіне қарсы ұлт- азаттық күресі күшейді.

Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде біздің елімізде жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеті құрылып, ол дүниежүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының екпінді бригадасына айналды. Жас Совет республикасының өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап-ақ империалистік реакцияның біріккен лагері революцияны тұншықтыруға тырысып, Совет мемлекетіне қарсы қарулы күрес бастады. Бірақ совет халқы ішкі және сыртқы контрреволюцияға қарсы ұрыстарда Октябрьдің жеңістерін қорғап қалды және жаңа өмір орнату процесінде өзінің творчестволық алып күштерін өркендетті. Еліміздің еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен социализм орнатудың дүние жүзінде болып көрмеген соны жолдарымен алға басты, сөйтіп бүкіл адамзатқа азаттық пен бақыт жолын көрсетті.

Коммунистік партия марксизмнің-ленинизмнің ұлы және жеңімпаз ілімін басшылыққа ала отырып, еліміздің халықтарын социализмнің салтанат етуіне жеткізді. Бұл жағдайдың орасан зор халықаралық маңызы болды. Жұмысшы табы мемлекет пен шаруашылықты басқара алмайдымыс, халық помещиктер мен капиталистерсіз өмір сүре алмайды- мыс деп баяндайтын әрқыйлы буржуазиялық «ілімдердің» жалғандығы бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері алдында іс жүзінде дәлелденді. Біздің елімізде социализмнің жеңуі капиталдың езгісінен азат болудың нәтижесінде ғана халық бұқарасы жаңа өмір орнатуда, мемлекет пен қоғамдық шаруашылықты басқаруда өзінің сарқылмас күші мен қаблетін көрсетуге мүмкіншілік алатынын, халық бұқарасы тарихты шын жасаушылар болып табылатынын айқын көрсетті.

Коммунистік партияның басшылығымен Совет мемлекетінде мейлінше күрделі мәселелердің бірі—ұлт мәселесі интернационализм және халықтардың достығы тұрғысынан ойдағыдай шешілді. Октябрь революциясы Россияның саналуан ұлттары мен халықтарын әлеуметтік және ұлттық езгіден азат етті, оларды шын мәніндегі азат және тең праволы халықтар жасады. Орыс халқының және ССРО-ның басқа да халықтарының көмегімен, бұрын езгіде болған халықтардың экономикалық және мәдени артта қалушылығы тез жойылды, Отанымыздың барлық ұлттары қуатты көп ұлтты социалистік мемлекет болып табылатын біртұтас туысқандық семьяға топтастырылды. Советтік Социалистік Республикалар Одағы барлық езілген халықтар үшін нұр сәуле болды, азаттық күресте олардың үміті және жігерінің қайнар бұлағы болды.

Герман фашизмі мен жапон империализміне қарсы Совет Одағының Ұлы Отан соғысы Совет мемлекетіне үлкен сын болды. Фашистік агрессорлардың көмегімен, біздің еліміздегі социализм мен коммунизмнің жеңімпаз құрылысын жүзеге асыртпауға, капитал елдеріндегі жұмысшы қозғалысы мен отарлардағы ұлт-азаттық қозғалысын тұншықтыруға тырысқан дүниежүзілік империалистік реакция бұл соғыста қатты жеңіліске ұшырады. Фашистік агрессорларды талқандап, совет халқы өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қана қалған жоқ, мұнымен бірге Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдыққа түсу хаупінен құтқарды.

* * *

Дүниежүзілік екінші соғыстың қорытындысында империализм позициялары онан әрі әлсіреді. Европа мен Азияның бірқатар елдерінде халықтық- демократиялық тәртіп орнады. Бұл елдер Совет Одағымен бірлесе отырып, империализм лагеріне қарсы тұрған қуатты социалистік лагерь құрды.

Халықтық демократияның европалық елдерінің — Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның және Албанияның еңбекшілері социализм орнату жолында өткен 10 жылда зор табыстарға жетті. Жұмысшы табы бастаған нағыз халықтық өкмет орнатудың және түбірлі әлеуметтік- экономикалық өзгерістерді жүзеге асырудың нәтижесінде бұл елдерде өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, мәдениет пен ғылымды өркендету үшін, еңбекшілердің әл- ауқатын тез және үздіксіз арттыру үшін шексіз мүмкіншіліктер ашылды.

1949 жылы Герман Демократиялық Республикасының құрылуы, оның неміс халқының біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшілік сүйгіш Германия құру үшін күрестегі тірегіне айналуы дүниежүзілік империализмнің елеулі жеңілісі болды. Герман Демократиялық Республикасы бес жылдың ішінде бейбіт экономиканы өркендетуде, мәдениет пен ғылымды өрге бастыруда, тұрмыс дәрежесін арттыруда зор табыстарға жетті.

Қытайда халықтық революцияның жеңуі және Қытай Халық Республикасының жариялануы бүкіл дүниежүзілік тарихта, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейінгі ең көрнекті оқыйға болды. Қытай халық революциясының жеңуінің өзі капитализмнің жалпы кризисін онан әрі тереңдетті, империализмнің отаршылдық, системасына жаңадан қатты соққы берді. Адамзаттың төрттен бір бөлігі болып табылатын 600 миллион халық империализм мен феодалдық реакцияның езгісінен босанып шықты. Жұмысшылар мен шаруалардың одағына негізделген және жұмысшы табы бастаған, дүние жүзіндегі ең ірі халықтық- демократиялық мемлекет—Қытай Халық Республикасының құрылуына байланысты Азияның езілген халықтары империализмге қарсы, азаттық пен ұлттық тәуелсіздік үшін күрестерінде өздеріне жаңа қуатты тірек тапты.

Өздерінің көп ғасырлық тарихында өкмет билігін өз қолдарына алғашқы рет алған қытай еңбекшілері революциялық және демократиялық ұлы өзгерістерді жүзеге асыруға кірісті. Қытай Коммунистік партиясының басшылығымен елде феодалдық езушілікті біржолата жойған, аграрлық реформа толық жүзеге асырылды, соғыс бүлдірген халық шаруашылығы қалпына келтірілді, халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін үздіксіз арттыруға жағдайлар жасалды. Кәзіргі уақытта қытай халқы елді социалистік жолмен индустрияландыруды жүргізуге және ауыл шаруашылығында, өнеркәсіп пен саудада социалистік өзгерістерді бірте- бірте жүзеге асыруға кірісті. Қытай халқының жаңа өмір орнатудағы ұлы жетістіктерін баянды еткен және елдің социализмге қарай алға басу жолдарын белгілеген Қытай Халық Республикасының Конституциясын халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының қабылдауы қытай халқының өміріндегі өте көрнекті оқыйға болды.

Қытай Халық Республикасы ұлы державa ретінде дүниежүзілік аренаға шықты және халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықтың сенімді тірегі болып алды. Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының достығы дүние жүзінде жалпы бейбітшілікті сақтау ісіндегі қуатты, жеңілмес күш болып табылады. Екі ұлы халықтың тығыз ынтымағы мен мызғымас достығы Қыйыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайта беруге жәрдемдесті. Қытай Халық Республикасы өзі өмір сүріп тұрған бес жылдың ішінде бейбітшілік пен халықтардың хауіпсіздігі жолындағы күрес ісіне зор үлес қосты. Женева кеңесіндегі ҚХР-дің бейбітшілік сүйгіш және конструктивті позициясы туралы Кореяда атысты тоқтату және бітім туралы келісімге қол қою ісінде Қытайдың үкметі мен Корей Халық- Демократиялық Республикасы үкметінің Совет Одағы қуаттаған инициативасы жөнінде айтса да жеткілікті. Қытай Халық Республикасының үкметі Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі өзара міндеттемелерді белгілеу мақсатында Азия елдерінің арасында консультациялар ұйымдастырудың инициаторы болды.

Американ империализміне қарсы корей халқының қаһармандық күресі және вьетнам халқының өз отанының азаттығы мен ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресі, Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше орын алады. Корей халқы қытай халық еріктілерінің туысқандық көмегімен американ агрессорларының жоспарларын жүзеге асыртпай тастады және империалистер қарудың күшімен өз еркін басқа халықтарға таңа алатын уақыттың әлдеқашан өтіп кеткенін өзінің қаһармандық күресі нәтижесінде көрсетіп берді. Вьетнамның, Кхмер мен Патет- Лаоның халықтары француз отаршылдары мен олардың американдық демеушілеріне қарсы он жылдай қарулы күрес жүргізіп, бұл халықтардың ұлттық және демократиялық праволарын толық қорғауды қамтамасыз ететін құрметті шарттар негізінде соғыс қыймылдарын тоқтатуға жетті.

* * *

Отар және тәуелді елдерде ұлт-азаттық күрес жылдан жылға өсіп, ұлғаюда. Ол әсресе Индияда, Индо- Қытайда, Индонезияда, Малайяда, Бирмада, Пакистанда, Солтүстік Африкада кең өріс алды. Индия халқы ағылшын империализмін елден кетуге мәжбүр етті. Индонезия халқы голландия отаршылдарына қарсы ұзақ жылдарғы күресінің нәтижесінде Индонезия Республикасының ұлттық тәуелсіздігін мойындатуға жетті.

Азия халықтары американ империализмінің саясатына белсене қарсы шығуда. Олар Оңтүстік- Шығыс Азияда өздерінің ұлттық тәуелсіздігіне қарсы және Азия ауданындағы бейбітшілік мүдделеріне қарсы бағытталған агрессияшыл соғыс блогінің құрылуын батыл айыптауда. Антиимпериалистік қозғалыс Таяу және Орта Шығыстың, Африка мен Латин Америкасының елдерінде барған сайын кең өріс алуда.

В. И. Лениннің «Шығыстың ояну дәуірінен кейін... бүкіл дүние жүзінің тағдырларын шешуге Шығыстың барлық халықтарының қатысу дәуірі басталады» деген көрегендік сөздері біздің көз алдымызда жүзеге асырылуда. В. И. Ленин 1923 жылы: жер шары халқының алып көпшілігі өз азаттығы үшін күреске та-

# Мал қыстатуды тыңғылықты әзірлікпен қарсы алайық!

## Мал қыстатуды үлгілі өткіземіз

Бізде мал шаруашылығын өркендетудің баяу дамуы негізінен жемшөп өндірудің және дайындаудың артта қалуынан болды. Сондықтан да біз мал шаруашылығын жоғары табысты шаруашылыққа айналдыру жолында жемшөп қорының мол және мал қораларының жылы, жайлы болуын бірінші кезектегі мәселе етіп қойып отырмыз. Мал шаруашылығынан алынатын өнім мөлшері де осы жағдайларға тікелей байланысты.

Мал шаруашылығын өркендету ісіне шындап кіріскен озат колхоздар бұл салада үлгілі көрсеткіштерге ие болып, айтарлықтай табысқа жетті. Мысалы, «Колос» колхозы (председателі Борисов, партия ұйымының секретары Шестак жолдастар) өткен жылмен салыстырғанда мал басын әлде қайда көбейтіп, сиыыр малы жоспарын 113,3 процент, шошқаны 114 процент, қой-ешкі жоспарын 105 процент етіп артығымен орындады.

Колхоздың мал өсірушілер қатары көп жыл бойы шаруашылықтың осы саласында жұмыс істеген тәжрибелі малшылармен толықтырылған. Осының нәтижесінде колхоз мал шаруашылығы өнімдерін мол алуға жетісті. Мұнда 1 октябрьге дейін орта есеппен әрбір сауын сыйырдан 1800 литрден сүт алынды. Ал жекелеген Демиденко, Скакун сияқты сауыншылардың өздеріне бекітіліп берілген әр сыйырдан сауған сүт мөлшері орта есеппен екі мың литрден келді. Сауыншы Дусбаба жолдастың көрсеткіші бұдан да жоғары—2322 литр.

Мал шаруашылығы саласында айтарлықтай табыстарға жетісу арқылы колхоз сүт тапсыру жоспарын 100 процент, ет тапсыруды 111 процент орындады, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жөніндегі тапсырылған счеттар бойынша толық есеп айырды.

Ауданда мал шаруашылығынан мол табыс алып, шаруашылықтың бұл саласын жедел дамытып келе жатқан колхоз бірнешеу. Олардың қатарына «Красная крепость», Куйбышев атындағы, Мичурин атындағы колхоздарды қосуға болады.

Аталған колхоздар мал шаруашылығын табысты шаруашылық ету және одан алынатын өнімді жыл санап арттыра беру мақсатымен үстіміздегі жылы бірсыпыра шараларды іске асырып отыр. «Красная крепость» және Куйбышев атындағы колхоздарда стандартты жобамен жасалған бір сыйыр, бір бұзау қораларының құрылыстары аяқталған. Әрбір сыйырға 5 тоннадан сүрленген жемшөп дайындалды.

Колхоздардағы мал қыстатуға дайындық жұмысының тез аяқталуын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шаралар іске асырылуда. Аудандық партия комитеті әрбір колхоз басшыларынан колхоздағы ішкі мүмкіншіліктерді есептей отырып, қысқа әзірлік жұмысын аз күн ішінде аяқтауды қамтамасыз ететін жоспармен жүргізуін талап етті. Барлық колхоздарда мал қоралары қасына жемшөп тасу жұмысын 15 ноябрьге дейін аяқтау белгіленіп отыр. Мал қораларын жөндеу жұмысындағы олқылықтарды жоюға, жөндеу жұмыстарын тез аяқтауға бағытталған бескүндіктер ұйымдастырылуда.

Қысқа әзірлік жөнінде белгіленген шаралар мен жүргізілген ұйымдастыру жұмыстары игі нәтиже беруде. Қазір аудан колхоздары сабан-топанды жыйнау, маялау жұмыстарын толық аяқтап, оның 60 процентін мал қоралары жанына тасып жеткізді.

Дегенмен, «Искра», «Путь пролетариата» және Каганович атындағы колхоздарда қысқа әзірлік әлі баяу жүргізіліп келеді. Буларда күш-мүмкіншілікті толық пайдалану ісіне мән берілмеген. Мысалы, Каганович атындағы колхоздың өзінде 21 арба шөп тасуға қатыстырылмайды. Аудандық партия, совет және ауылшаруашылық органдары мал қыстатуға дайындықтың тез арада аяқталуын қамтамасыз ету үшін әрбір колхоздағы осындай пайдаланылмай отырған мүмкіншіліктерді терең зерттеп, кемшіліктердің бетін ашуда.

Озат колхоздар тәжрибесін басқа колхоздарға да кең тарата және ішкі күш-мүмкіншіліктерді толығынан пайдалана отырып, аудан мал қыстатуға үлгілі дайындалудың барлық шараларын іске асырады.

**Ғ. ҚАСКЕЕВ**

**Конюхов аудандық партия комитетінің секретары.**

## ӘЛІ ДЕ ЕЛЕУЛІ КЕМШІЛІКТЕР БАР

Николаев МТС-нің қамтуындағы Жданов атындағы колхоз ауданда (Преснов ауданы) мал шаруашылығы өсіп келе жатқан колхоздардың бірі. Қазір мұнда мал қыстатуға әзірлікті тез аяқтау үшін күрес қыза түсуде. Бұл іске барлық колхозшылар белсене қатысып келеді. Осының нәтижесінде колхозда жөнделуге тиісті үш сыйыр қорасы, үш қой қорасы толық жөнделді. 250 қойға деп быйыл салына бастаған қораның құрылысы аяқталды.

Артельде қоғамдық малға жемшөп дамасыз ету үшін мал азығының құнарлы және әртүрлі болуы қажет. Мұны колхоз басшылары жақсы біледі. Бірақ олар салақтыққа, жауапсыздыққа салынып жемшөп сүрлеуді қамтамасыз ете алмады. Оның үстіне бұл жұмысқа МТС-тің көмегі болмады. Мұның ақыры колхозда бірде-бір центнер шөптер сүрленбеуіне әкеліп соқты. Колхозда концентрат атымен жоқ. Азық буландырғыш аппарат болмағандықтан малға сабан-топанды буландырып, жұмсатып беруге қолайлы қамбабуландырғыштар жасалуы керек еді, бірақ му-

## ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК, ИГІ НӘТИЖЕ

Октябрь ауданы, Абай атындағы колхозда Қ. Малыбаев жолдас 6 жылдан бері малшы болып істейді. Ол жыл сайын сыйыр малы фермасындағы бір жастан екі жасқа дейінгі торпақтарды бағады. Өз ісіне ұқыпты, еңбек сүйгіш Малыбаев жолдас алты жыл ішінде өзі бағып күткен торпақтардың бірде-бірін шығынға ұшыратқан емес.

Быйыл Малыбаевқа 200 торпақ бекітіліп берілген-ді. Қазір олардың ортадан жоғары және семіз қоңы бар. Бұл өздігінен келген табыс емес, тәжрибелі малшының қажырлы еңбегінің игі нәтижесі.

Малыбаев жолдас жазғы айларда торпақтарды күн шыға өріске жаяды. Түскі кезде суарады, одан кейін малдың тынығуына және күйіс қайырып, ішіп-жегендерін бойына сіңіруіне уақыт бөледі. Бұдан кейін малды тағы да жайылымда оттатып, кешке суарады және жусатады. Содан соң оларды түн ортасына дейін өрісте бағады.

Тәжрибелі малшы жұмыс күнінің бұл тәртібін қолдануда ауа райының өзгешеліктерімен есептесіп отырады. Мәселен, ыссы күндерде торпақтарды көлеңкелі орындарда ұстап, өріске жаюға түнгі уақыттарды көбірек пайдаланады. Ал күзде күннің салқын кезінде, әсресе желді күндері малды тыныктыруға ықтасын, жылы орындарды әзірлейді.

Малыбаев жолдас қары жұқа, күні жылы қыстың алғашқы айларында да малды күндіз өрісте бағуды тоқтатпайды. Ал түнде олардың жатар орны жылы, таза және жайлы болуын қадағалап отырады. Суық түсіп, мал толығынан қолға қараған кезде оларды күтіп, азықтандыру жұмыстарын фермада тағайындалған жұмыс күнінің тәртібі бойынша жүргізеді.

Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде Малыбаев жолдастың қарауындағы торпақтардың тәуліктік салмақ қосуы жоспардағыдан үнемі артық болып келеді. Колхоз басқармасы бұл үшін оның еңбегіне жыл сайын қосымша ақы төлеуде. Өткен жылы Малыбаев жолдас қосымша ақыға 6 центнер ет алды. Ал үстіміздегі жылы ол колхоздың алдыңғы қатарлы мүшелерінің бірі есебінде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Сонымен бірге, торпақтарды баптап-күтуде қол жеткен табыстары үшін жоғары мөлшерде қосымша ақы алғалы отыр.

Малыбаев жолдастың тәжрибесін өз істерінде қолдану арқылы айтарлықтай көрсеткіштерге ие болған мал өсірушілер колхозда көптеп саналады. Солардың бірі шопан Хамза Жүнісов. Ол қойды бағуға озат әдістерді кеңінен қолдана отырып, қойларды шығынсыз өсірумен қатар, олардың жоғары қоңды болуына, жүнді мол беруіне жетісіп келеді.

Колхозшылар малды қыста қолда-қорада күту жұмысын ойдағыдай жүргізуді көздеп, мал қыстатуға әзірлік жұмыста-

# Үлкен жаңалық иесі

Біздің елде дана Коммунистік партия мен Совет Үкметі станок басында тұрған жұмысшының, егін даласындағы колхозшының ел үшін жаңалық, игі істерін, көрсеткен құнды бастамаларын майданда Отанды қорғап ерлік жасаған солдаттың, лабораторияда керемет жаңалық ашқан ғалымның еңбегімен бірдей бағалайды. Мұндай өнегелі адамдар бүкіл жұртшылықтың сый-құрметіне бөленеді.

Бүгінгі колхозшы Октябрь революциясынан бұрынғы ұлтарақтай жерде ағаш сокамен мехнат көріп жер жыртқан, ішсе тамаққа, кисе киімге жарымаған жоқшылық езген кедей шаруа емес. Бүгінгі совет шаруасы мен бұрынғы шаруаның арасында жер мен көктей айырма бар. Бүгінгі колхозшы шаруа советтік озық мәдениет иесі, өнер білім тапқыш жаңашыл, ұшқыр ойдың, мәртебелі сананың иесі. Бүгінгі шаруа үкмет мүшесі, Жоғарғы Советтің депутаты. Міне, осындай қатардағы колхозшы шаруаның бірі — Терентий Семенович Мальцев. Ол Курган облысының Шадринск ауданындағы «Заветы Ленина» колхозында еңбек етіп, тұрмыс шегеді. Өз жұмысында ел сүйсінерлік елеулі еңбегі үшін Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алған. Бүкіл еліміздегі тұңғыш колхоздық тәжрибе станциясын басқаратын да сол. Мальцев бір жағынан колхоздың егін маманы болып саналады.

* * *

Терентий Семенович егін салатын жердің топырағын өңдеудің жаңа тәсілін ойлап тапты. Шадринск колхоздық тәжрибе станциясында табандатқан 30 жыл бойы үлкен ізденудің, зор еңбектің үстінде жасаған тәжрибесі бұл соны тәсілдің топырақ құнарлылығын арттырып, ең бастысы егін шығымдылығын молайтатынын көрсетті.

Мальцевтің жұмыс әдісінің елдің ауыл шаруашылығын партия мен үкмет мезгеп отырған алып қадаммен ілгері бастыруы үшін, коммунизмнің сәулетті сарайын орнатушы халықты азық-түлік молшылығына кенелту, тамақ өнімдерін көбейту үшін ауызбен айтуға, қолмен өлшеуге қыйын, орасан зор маңызы бар болып отыр.

Мальцевтің әдісіне партиямыз бен үкметіміз айырықша көңіл бөлуде. Жаңашыл тұратын селода быйыл август айында ауыл шаруашылығы ғылми және тәжрибе қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі арнап шақырылды, жақында тағы да кеңес өткізілді. Оларда жаңашыл Мальцев «Топырақты өңдеу мен егін егудің ауылшаруашылық дақылдарынан мол және тұрақты өнім алуға көмектесетін әдістері туралы» баяндама жасады. Сол кеңеске қатысқан адамдар өз колхозына, өз совхозына келіп, жұртқа естігең жаңалығын аңыз етіп айтып беруде. Бүкіл елімізде колхоз ғалымының әдісін қолданудың қанат жайып қарыштаған қозғалысы өрістеп отыр. Жер-жерде осы мәселеге арналып республикалық, өлкелік, облыстық, аудандық кеңес өткізілді. Қазақстанның бірталай облысында да осы мәселені ақылдасып, кеңесуге жыйналды. Осындай ақылдасып кеңесуге жыйналған мәжлістердің бір қатарына Мальцевтің өзі барып баяндама жасап беріп қайтты.

Мальцевтің жер өңдеудің жаңа жүйесі жайында түрлі түсті ғылми-көпшілік фильмі де әзірленіп жатыр.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде де Мальцевтің тәсілін кеңінен қолданған «Заветы Ленина» колхозының табысы жақсы көрсетілген. Көрмеге келушілер «Урал» павильонында болмай кетпейді, ондағы Курган облысы, Шадринск ауданы, «Заветы Ленина» колхозына арналған стендт тұсына көп тұрып, үңіле қарап, оның табыс сырын білуге құштар екенін білдіріп жатады. Қазір елде ғылми-зерттеу мекемелері, ауылшаруашылық орындары, институттар, саяси және ғылми білімдер тарату қоғамдары Мальцев әдісін жұртшылыққа түсіндіру, насихаттау бағытында лекция оқытқызып, әңгімелер өткізуде.

* * *

**Мальцевтің тапқан жаңалығы: агротехника жүйесінің маңызды түйіні —біржылдық шөп егу, оны топырақтың құнарлылығын арттыруға пайдалану, жерді қайырмасыз плугпен жырту болып саналады.**

Мальцев өзі егістің топырағын өңдеу жүйесінде парды өңдеуге ерекше көңіл бөледі.

Мальцев жерді жыл сайын жыртудың зыяннан басқа пайдасы жоқ дегенді айтады.

—Біздің пікірімізше, —дейді, ол, — топырақтың қыртысын аударып жыл сайын жырту, табиғат заңын өзгерту немесе бұзу бағытында әрекет жасағандық болады.

Мальцев топырақты жыл сайын егін салу үшін терең жыртпай, тек аңызды таяз, үстірт қана сыдыра жырту әдісін қолдануды ұйғарған. 1943 жылы егіннің шағын участогінде осындай алғаш рет тәжрибе жасалған. Сол тәжрибе топырағы жыртылмай тек аңызы екі рет сыдыра жыртылған жерге егілген жаздық бидайдың топырағы терең жыртылған жердегіден мол өнім бергені ысйатталған. Мальцев тәжрибесіне қарағанда, топырақты былай өңдегенде топырақ құрылымы едәуір жақсаратындығы көрінеді.

—Ал бұрын дейді, —Терентий Семенович,— біржылдық өсімдіктер топырақтың құнарлылығын бұзады деген теория таралып келді. Ол өзінің 30 жылдық тәжрибесімен мұны жоққа шығарды. Жыртылған жердің терендігін 40-50 сантиметр және одан да артық жырту қолайлы деп есептеледі. Топырақ өңдеудің мұндағы системасындағы негізгі шарт жерді қосымша түренсіз және қайырмасыз қыртысын аудармай, төменгі қабатын үстіне шығармай жырту. Жерді осындай әдіспен жыртудың мәнісі мынадай себептерден туады. Топырақтың үстіңгі қабатында сондай-ақ органикалық егін қалдықтарының жыйынтығы қалып қойып отырады. Буларды терең жыртқан кезде топырақтың үстіңгі қабатында органикалық зат кеміп, бұдан өсімдіктер өзіне керекті затты аз алады. Сонымен қатар өсімдіктер үшін залалды қосындылар болатын топырақтың төменгі қабатын аударған кезде дақылдың өнімі бірнеше жыл бойы күрт кеміп кететіндігі Мальцевтің көп жылғы тәжрибесінен байқалған.

Колхоздың бөлінбейтін қоры екі есе көбейген. Ал ақшадай табыстың молаюы колхоздың экономикасын арттыруға жағдай жасаған. Сол сияқты, колхозшылардың еңбегіне төленетін ақша, астық, басқа өнім көптеп келетін болған.

Мальцевтің топырақ өңдеу әдісін тәжрибе жүзінде сынау жалғыз ғана «Заветы Ленина» колхозында жүргізілмеген. Топырақ өңдеудің, оның құнарлылығын арттырудың жаңа тәсілдерінің әсері қаншалықты болатындығын білу үшін № 104 жылқы заводының колхозына іргелес жерінде көлемі 300 гектарға жуық арнаулы тәжрибе участогі бөлінген. Бұл участокте тыңайған және тың жерлерде топырақты өңдеудің жаңа жүйесі сыналып келеді. Былтырғы жылғы августа жаңағы жылқы заводында 20 жылдан бері жатқан тыңайған жердің бір бөлегін әдеттегідей терең жырту, ал басқа бөлегін тек дискелі лущильникпен сыдыра жырту қолданылған. Осы жердің екі бөлегінде көктемде 23 майда бидай егілді. Бұл жердің жыртылған бөлігінде бидай жақсы шықты. Ал жыртылмаған бөлегінде де бұдан жаман емес, соның өзінде жыртылмаған жердегі бидайдың өсуі едәуір шапшан болды.

Мальцев жер өңдеудің жаңа жүйесінде дақылдың тұқымын іріктеп алуға да қатты көңіл бөліп отырады. Колхоз құрылысынан бергі жылдар ішінде ол егіс даласында ауылшаруашылық дақылдарының мыңнан аса сортын сыннан өткізген.

Мальцев тапқан әдістің пайдалылығы тек топырақтың құнарлылығын арттыруда, егіннің шығымдылығын молайтуда ғана емес, оның пайдасы еңбек өнімділігін арттыруда да, астықтың және басқа егіннің түсімін көбейтуде де айқын көрінеді.

* * *

Топырақ өңдеудің жаңа әдісін соңғы жылдары елдің бірқыдыру колхоздары мен совхоздары тәжрибе жүзінде қолданып, ауыз толтырарлықтай табысқа жетті. Алтай өлкесінің Егоровск ауданындағы «Социализм жолында» деген колхозы сыдыра жыртылған аңызға 75 гектар бидайды еккен. Осы жерден алынған өнім гектар басы 150 пұттан айналды. Жаңа әдісті жүзеге асыру арқасында егіннің шығымдылығын еселеп арттырған Саратов облысы да бұдан былай осы тәсілді тәжрибе жүзінде кең көлемде қолдануды ұйымдастырғалы отыр. Облыста тәжрибе жасаудың нақты жоспары, кестелері жасалған. Бұл жұмысты орындауға облыстың 65 машина-трактор станциясы, 26 совхозы қатыстырылмақшы.

Қазақстанда да Мальцев тапқан агротехникалық жаңа әдістің жеке элементтері бірталай жерлерде творчестволықпен, саралап жүзеге асырылды. Астық атрабы болып есептелетін Қостанай облысының көп жерінде топырақты баптаудың бұл тәсілі кеңінен қолданыла бастады. Осы облыстың Қарабалық ауданының Сталин атындағы колхозында быйыл 300 гектар бидай, 75 гектар сұлы Мальцевтің әдісімен өңделген аңызға орналастырылған еді. Көктемде осы аңыз екі мәртебе

ындау жұмысы да жақсы ұйымдастырылды. Демек 14876 центнер ірі сабақты жемшөп дайындалды. Оның 2500 центнері фермалардың қасына тасылды.

Колхоз басқармалары мал шаруашылығында жүрген колхозшыларды тұрғын үйлермен қамтамасыз етуде. Оларға арналып жаңадан 2 үй салынды, бес үй жөндеуден өтті.

Өткен жылы колхозда бұзауға және қозыға арналған төл үйлері зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай болмады. Бұл жағдай қыста төл күту жұмысын едәуір қыйындатты. Осыған қарамастан ферма меңгерушілері Арғымбаев, Есімсейітов жолдастар төл үйлерін мұқыят жөндеу ісін быйыл да қолға алмай отыр.

Қоғамдық малдың қыстан қоңды шығарылуын және қыс айларында мал шаруашылығынан мол өнім алынуын қамтаны колхоз басқармасы ескермеді.

Мал шаруашылығында колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыра беруді көздеп, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхозшыларға әр тоқсан сайын мал шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен ақшаны еңбекке бөліп берудің қажет екендігін атап көрсетті. Бірақ колхоз басқармасы жыл басынан бері бұл шаруашылықтан түскен табысты колхозшылардың еңбеккүніне бөлмей келеді.

Мал шаруашылығын өркендетудегі аса жауапты кезеңі —мал қыстатуды үлгілі өткізіп, Отанымызға мал шаруашылығы өнімдерін неғұрлым көп беру үшін істе орын алып отырған кемшіліктерді дереу жою қажет. Колхоз басқармасы бұған жете көңіл аударуға тиіс.

**Б. ЕЛЕУСІЗОВ.**

рына ерекше назар аударуда. Быйыл сыйымдылығы 200 малдық жаңа қора салынып, пайдаланылуға берілді. Бұрынғы қоралар түгелінен толық жөнделді. Кәзір колхозшылар дайындалған мал азығын қоралар жанына тасып алу ісіне барлық күшті жұмылдыруда.

**В. КУЦ.**

## Банктегі колхоз счеті

Сталин атындағы колхоз (Петропавл ауданы) өткен жылы мемлекеттік банкте мал шаруашылығы мен овощьтан түсетін табысқа арналған счет ашқан болатын. Бұл счетта кәзір колхоздың 159601 сом қаржысы бар. Колхозда жақында бұл счеттан 75400 сом ақша алып, оны колхозшыларға авансқа берді.

**Ж. ҚАЙРАТОВ.**

Бүкілодақтық мәжіліс соңынан Мальцевке хат-хабар жазушылар бұрынғыдан да көбейе түсті. Олардың біреуі — жаңа әдісі қай жерде, қандай жағдайда қолдануды сұраса, екінші біреулері жаңа әдісті бидай егу ісінде ғана ма, жоқ басқа дақылдар жөнінде қолдануға болатынын не болмайтынын жазады. Мұның бәріне де Мальцев жолдас саралап жауап береді.

Кәзір елдің машина жасайтын заводтары ол ұсынған әдісті қолдануға керекті жаңа плугтарды, қазтабан тырмаларды, бұдырлы катоктерді, тағы басқа құрал-саймандарды істеп шығара бастады. Колхоз ғалымының еңбектеріне арналған кітаптар да басылып жатыр. Соның бірі — «Красный курган» газетінің баспасы жақында басып шығарған «Топырақты өңдеудің және егін егудің жаңа жүйесі» деген кітап. Кітап авторы Мальцев жолдас өзі істейтін станцияның ғылми жұмысын қорытып берген. Бұл станцияда теория колхоз өндірісінің тәжрибесімен тікелей байланыстырылған. Кітапта ұзаққа созылған тәжрибе жұмысының нәтижесінде топырақтың құнарлылығын және егін шығымдылығын арттырудың жаңа жолдары қалай табылатындығы сөз болады. Бұл тәсілдің пайдасы сол —тіпті құрғақшылық болып, аңызақ, жел соққан жылдардың өзінде «Заветы Ленина» колхозы жаңа агротехниканы іске асырудың арқасында егіннен мол өнім алып отырған. Бұдан кейін автор осы жаңа тәсілді қолдану колхоздың экономикасын, колхозшылардың әл-ауқатын арттыруға қалай әсер еткендігін нақты мысалдармен дәлелдейді.

Мальцев жаңалығына арналып кино да түсіріліп жатыр. Мысалы, Москваның ғылми-көпшілік фильмдері студиясында колхоз жаңашылына арналған «Ауыл шаруашылығының жаңалықтары» деген киножурнал түсірілуде. Топырақ өңдеу-

Колхоз ғалымының әдісі бойынша парды өңдеудің мәнісі мыналарда болып саналады: күзде аңыз дискелі лущильниктермен 7—8 сантиметр терендікте сыдыра жыртылады, ал ерте көктемге тырмаланып оның ылғалы жабылады, содан кейін арамшөп көктеген кезде дискелі лущильниктермен ол арамшөп жойылады. Июнь айының басында қайырмасыз плугтермен терендігі 40-50 сантиметр етіп жыртылады, оның ізінше тырмаланады. Арамшөптің пайда болу дәрежесіне қарай тағы да дискелі лущильниктермен сыдыра жыртылып, ылғал жеңілжелпі тырмамен жабылады. Келесі көктемде ылғал тырмалаумен жабылып тұқым себіледі. Алдағы жылдары жаңағы жер жыртылмайды. Тек қана дискелі құралдармен өңделіп отырылады.

«Заветы Ленина» колхозындағы Мальцев басқарған ауылшаруашылық станциясы 1950 жылы аңызға, жыртылмаған аңызға бидай, сұлы, арпа, біржылдық шөп, сүрленетін және басқа дақылдар егіп мол өнім алған, бидайдың әрбір гектарынан 20 центнерден 40 центнерге дейін өнім жыйнаған. Құрғақшылық болған 1951 жылдың өзінде 17 центнерден 20 центнерге дейін өнім алынған. Ал 1952 жылы 12,5 центнерден, 1953 жылы 12 центнерден 22 центнерге дейін бидай алған.

«Заветы Ленина» колхозында Мальцевтің топырақты өңдеу жөніндегі жаңа тәсілдерін қолдану астықтың түсімін едәуір молайтып келе жатқандығын көреміз. Колхозда егінінен ең мол өнім алған 1950 жылмен салыстырғанда 1953 жылы астықтың жалпы түсімі 10 мың цетнерден аса артқан, мемлекетке көп астық тапсырылған. Артельдің ақшалай табысы 1950 жылғы 470 мың сомнан 1953 жылы бір жарым миллионға дейін артқан.

дискелеу арқылы өңделген еді. Бұл жерлерден алынған өнім бұрынғыша жыртылған жерлерге егілген участоктегіден анағұрлым жоғары болды. Осы облысқа қарасты Обаған ауданының Молотов атындағы колхозында 1953 жылы сыдыра жыртылған аңызға егілген бидайдың әр гектарынан жыйналған түсім, 112 пұттан асты. Быйыл көктемде жыртылып, егін егілген Қостанай облысындағы 10 мың гектар тың жерді сыдыра жырту кәзір жүзеге асырылып жатыр. Ақмола облысындағы КазЦИК атындағы совхозда топырақты Мальцевтің әдісі бойынша өңдеудің жеке элементтері кеңінен қолданылып жүр. Мұндай егіс участогі 500 гектардан асады. Совхоз жұмысшылары топарақты қайырмасыз плугтермен терең қопсытып егіннен өнімді бұрынғы әдістегіден гектар басы 3—4 центнер артық алуда. Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздары да Терентий Семенович жасаған егіншілік жүйесін жапа-тармағай қолдана бастады. Осы күндері егіні жыйналған жерлердің аңызы сыдыра жыртылды. Агротехникалық осы тәсіл парды терең жыртуға бөлінген арналарда да қолданылуда. Облыстың Преснов ауданының колхоздарында алдын ала жасалған есеп бойынша 1955 жылдың көктемінде сыдыра жыртылған аңызға егілетін жаздық бидайдың көлемі 15 мың гектар, Октябрь ауданында 20 мың гектар болмақ.

Колхоз ғалымы, егіншіліктегі агротехникада тамаша өзгеріс жасап, ғылым мен тәжрибені байытқан Мальцевтің топырақ өңдеудегі жаңа тәсілінің маңызына бүкіл жұртшылық назар аударып, көз тігуде.

**С. ДЕЛБАЕВ.**

маша шапшаңдықпен араласуда, бұл жағынан алғанда дүниежүзілік күрестің ақырғы шешімі қалай болатындығы жөнінде зәредей де күмән болуға тиіс емес, бұл жағынан алғанда социализмнің біржолата жеңуі толық және сөзсіз қамтамасыз етілді деп жазғанда, — халықтардың азаттық күресінің перспективалары мен дүниежүзілік оқыйғалардың барысын данышпандықпен болжап білді.

Соғыстан кейінгі жылдары капитализмнің жалпы кризисінің онан әрі тереңдей түсуі капитал елдерінде жұмысшы қозғалысының күшті өрлеуінен, реакциялық буржуазияның азғантай тобының мүдделері мен еңбекшілердің қалың бұқарасы арасындағы қайшылықтардың өте- мөте шиеленісуінен айқын көрінеді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі кезең негізгі капиталистік елдерде экономиканы милитарландырумен және жұмысшы табының тұрмыс дәрежесіне монополиялардың шабуыл жасауымен сыйпатталады. Мұның өзі жұмысшы табын қанауды күшейтуден және оның нақтылы жалақысын кемітуден, еңбекшілерден алынатын салықтың тез өсуінен, жұмыссыздар армиясының көбеюінен көрінеді.

Халық бұқарасының өзінің өмірлік праволары мен демократиялық бостандықтары жолындағы өсіп отырған қозғалысына қарсы күресте империалистік реакция ең соңғы құралдарды қолдануға дейін баруда. Бұл жақында АҚШ коммунистік партиясына тыйым салу туралы заң қабылданған және АҚШ компартиясының басшыларын соттап- жазалаудың бірқатар масқара істерін ұйымдастырған. АҚШ- тың мысалынан айқын көрінеді. Коммунизммен күрес желеуі бетке ұстылып, еңбекшілердің көптеген ұйымдары тағылықпен қуғынға ұшыратылуда. Реакционерлер АҚШ-та американ халқын фашистік террормен қорқытқысы, оны өзінің праволары үшін, бейбітшілік пен прогресс үшін күрес жүргізу мүмкіншілігінен айырғысы келеді. Бірақ АҚШ-тың прогресшіл күштері озбырлық пен зорлыққа қарсы, демократиялық бостандықтар үшін ерлікпен күрес жүргізуде.

Жұмысшы табы мен барлық прогресшіл күштердің реакцияға қарсы күресін еңбекшілердің өмірлік праволарын және өз халықтарының түбірлі ұлттық мүдделерін ерлікпен және дәйектілікпен қорғап отырған коммунистік партиялар басқаруда. Октябрь революциясы халықаралық коммунистік қозғалысты өлшеусіз жоғары сатыға көтерді, оған бұрын болмаған дәрежеде кең өріс және ұйымшылдық сыйпат берді. Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі пролетарлық интернационализм мен халықаралық социализмнің ұлы салтанаты болды, съезге жұмысшы табының ісі үшін шыныққан, табанды күрескерлердің 25 миллиондық ұлы армиясының атынан 44 туысқан партияның өкілдері қонақ ретінде қатынасты. Коммунистік және жұмысшы партиялары марксизмнің- ленинизмнің жеңімпаз ілімімен қаруланғандықтан және Ұлы Октябрь социалистік революциясының ұйымдастырушысы және басшысы —Совет Одағы Коммунистік партиясының орасан бай тәжрибесін пайдаланғандықтан өздерінің жұмысын ойдағыдай жүргізуде.

* * *

Октябрь революциясы халықтардын бостандығы мен тәуелсіздігінің туын жоғары көтерді және бейбітшілік пен халықаралық ынтымақтың ұлы идеясын жариялады. Совет Одағы өзінің өмір сүруінің бірінші күндерінен бастап-ақ бейбітшілік пен халықтар арасындағы достық үшін күрестің инициаторы болып келеді. Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және социалистік лагерьдің басқа да елдерінің сыртқы саясаты бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етуге, халықаралық қарым- қатынастарда шиеленісті бәсеңдетуге, барлық мүдделі елдермен іскерлік қатынастарды және сауданы ұлғайтуға бағытталған. Социалистік лагерьдің елдері бейбітшілік сүйгіш саясатты жүзеге асыра отырып, екі системаның—капитализм мен социализмнің ұзақ уақыт бейбіт өмір сүре алу мүмкіншілігін негізге алады.

Соғыстан кейінгі кезеңде Совет Одағы даулы және шешілмеген барлық мәселелерді бейбіт жолмен шешу үшін, бейбіт өмір сүру принципі барлық елдердің арасындағы қарым- қатынастарды белгілеуі үшін бірқатар шаралар қолданды. Совет Одағы Кореядағы соғысты тоқтатуға белсенді ықпал жасады, атом қаруын қолдануға тыйым салу туралы, қару-жарақты едәуір азайту туралы ұсыныс енгізді, халықаралық қарым- қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету және Европа проблемасын реттеу жөнінде нақты программа ұсынды. Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, Вьетнам Демократиялық Республикасының күш- жігері арқасында Индо- Қытайда бейбітшілік қалпына келтірілді.

Октябрь революциясынан бергі бүкіл 37 жыл ішінде Совет Одағының бейбітшілік және халықтар арасындағы достық жолында жүргізген қажырлы күресі оны бейбітшілік үшін бүкіл дүниежүзілік күрестің алдыңғы сапына қойды.

Бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықтың Октябрь революциясы жариялаған идеялары жер шары халқының үштен бір бөлігінен астамын қамтыйтын демократиялық лагерь елдерінде салтанат құрды. Бұл идеялар бүкіл прогресшіл адамзатты оның бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісі үшін күресінде рухтандырады. Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және социалистік лагерьдің басқа да елдерінің бейбіт саясатын халықтар қызу қуаттауда. Олар американ империализмінің агрессияшыл саясатына барған сайын батыл қарсы шығуда және бейбітшілікті қорғау ісін өз қолдарына алуда. Барлық елдерде, барлық континенттерде соғыс өртін тұтандырушылардың жоспарын жүзеге асыртпауды өзіне мақсат етіп қойып отырған бейбітшілікті жақтаушылардың қуатты қозғалысы кең өріс алды.

ССРО-да коммунизм орнатудың табыстары, Қытай Халық Республикасы мен халықтық демократияның европалық елдерінің жетістіктері Ұлы Октябрь социалистік революциясы идеяларының өмірлік жеңімпаз күшін ыспаттай отырып, дүниежүзілік тарихтың барысына зор ықпал жасауда.

**И. РОЗДОРОЖНЫЙ.**

## Тарандықтардың бастамасы бойынша

Мамлют ауданындағы Каганович атындағы колхозда (председателі Н. Кравец жолдас) еңбекшілердің мәдени тілектерін үнемі қанағаттандырып отыру үшін көп көңіл бөлінген. Жақында колхоз басқармасы Қостанай облысы, Таран ауданы еңбекшілерінің ауыл- село мәдениет орындарының жұмыстарын жақсарту жөніндегі үндеуін талқылап, колхоздағы мәдени-ағарту жұмыстарында бұрын орын алып келген кемшіліктерді жоюдың, сөйтіп колхозшылар мен механизаторлардың жұмыстан бос уақыттарын мәдениетті түрде өткізулеріне толық жағдай жасаудың шараларын белгіледі.

Таяудағы күндерде № 2 бригада орналасқан Дмитриевка селосында жақсы жабдықталған қызыл мүйіс жұмыс істей бастайды. Бригадалар мен фермаларда жұмыс істейтіндердің барлығын кітаппен қамтамасыз ету мақсатымен жылжымалы кітапхана ұйымдастырылды. Жаңа кітаптар сатып алу үшін қосымша қаржы босатылды. Сол сықты, колхоз орталығы Становое селосындағы клубтың жұмысын да одан әрі жақсарту қарастырылды.

Становое селолық клубы колхозшылар мен механизаторлардың зор сүйіспеншілігіне бөленген. Өйткені клуб коллективі еңбекшілердің мәдени тілектерін үнемі қамтамасыз етіп отыруда елеулі жұмыс істеді.

Клубта көркемөнерпаздар үйірмесі бар. Оны клуб меңгерушісі Елисеев жолдас басқарады. Үйірме мүшелері жазғы жұмыстар кезінде еңбекшілерді мәдениетті қамтуды үлгілі ұйымдастыра отырып, ондаған концерттер берді, пьесалар қойып көрсетті. Кәзір әрбір сенбі сайын концерт беру ұйымдастырылады. Үйірме музыкалық аспаптармен қамтамасыз етіліп, оның репертуары жаңа шығармалармен толықтырылып отырылады.

Клуб жанындағы кітапхананың да жұмысы жақсы жолға қойылған. Оның кітап қорында көптеген саяси, ауылшаруашылық және көркем әдебиеттер бар. Тұрақты кітап оқушылар саны 180 адамнан асады. Кітапхана кітап оқушылар конференциясы мен әдебиет кештерін жиі өткізіп отырады.

Мұнда еңбекшілер арасындағы лекциялық насихатты кеңінен жүргізуге де көп көңіл бөлінген. Клуб жанында колхоз партия ұйымының басшылығымен 6 адамнан құрылған лекторий тобы жұмыс істейді. Оның құрамына оқытушылар, агрономдар, зоотехниктер мен медициналық қызметкерлер тартылған. Олар колхозшылар мен механизаторлар арасында әртүрлі тақырыптарға лекциялар оқып тұрады. Мәселен, жақында «Маскүнемдік—ескінің зыянды қалдығы »деген тақырыпта лекция оқылды. Клубта «За урожай» атты қабырға газеті шығарылады. Онда колхоз шаруашылығындағы табыстарды көрсетумен бірге, кемшіліктер де батыл сыналып отырылады.

Кәзір клуб коллективі Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесіне қызу әзірленуде. Көркемөнерпаздар мереке күні колхозшыларға пьеса қойып көрсетіп, концерт бермек.

**В. КАЗАНЦЕВ.**

## Ұлы Октябрьдің құрметіне

ВАРШАВА, 3 ноябрь. (СОТА). Польша Халық Республикасының әртүрлі қалалары мен елді пункттерінен Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыста еңбекшілердің жетістіктері туралы хабарлар келуде. Мерекені қарсы ала отырып, металлургтер, кеншілер, машина жасаушылар, тоқымашылар жоспардан тыс өнімдер беруде. Польша көмір өнеркәсібі октябрь айындағы көмір өндірудің жоспарын едәуір асыра орындады. Елдің кеншілері өткен айда тапсырмадан тыс 300 мың тоннадан артық көмір берді. 60-қа жуық көмір шахталары октябрьдегі өндірістік жоспарды асыра орындады. Кәзір көптеген шахталардың кеншілері мереке алдындағы құрметті вахтаға тұрды. Елдегі алдыңғы қатарлы «Готвальд» шахтасының кеншілері мерекеге дейін жоспардан тыс 500 тонна көмір өндіруге міндеттенді.

Төменгі Силезиядағы 330 өндіріс орындарында Ұлы Октябрь құрметіндегі социалистік жарысқа 50 мыңнан аса жұмысшылар қатысуда. Тек «Болеслав Храбрый» кокс заводының коллективі ғана жоспарға қосымша жоғары сапалы 330 тонна кокс шығаруға міндеттенді. «Покуй», «Бобрек», «Костюшко» тағы басқа да заводтың металлургтері мереке қарсаңында жоспардан тыс жүздеген тонна болат берді.

Мархлевский атындағы және Армия Людовой атындағы Лодзы тоқыма фабрикаларында бұл күндері 4 мыңнан аса жұмысшылар, мастерлер мен инженерлер құрметті вахтаға тұрған. Бұл фабрикалардың коллективтері тапсырмадан тыс жүздеген мың метр маталар беруге міндеттенген. Сталиногрудский воеводствосында мереке алдындағы жарысқа 13 мыңнан аса теміржолшылар қамтылған. Мереке алдындағы жарыста еңбек табыстары туралы В. И. Ленин атындағы металлургия комбинатының құрылысшылары, «Дендэежин» химиялық комбинаттың құрылысшылары мен тыңайған жерлерді игеруші мемлекеттік ауыл шаруашылығының жұмысшылары да хабарлауда.

---

### СОВЕТТІК АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАМАНДАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ТОБЫНЫҢ ПЕКИНГЕ КЕЛУІ

ПЕКИН, 3 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарлағанындай, совет мамандарының 15 адамнан құрылған алғашқы тобы Пекинге келген, олар мемлекеттік ірі астық шаруашылығын ұйымдастыруда және басшылық беруде Қытайға көмек көрсетеді. Аэродромда совет мамандарын ауыл шаруашылығы министрінің орынбасарлары Лю Жуй-дунь мен Жан Линь-чи, мемлекеттік шаруашылықтар бас әкімшілік бюросының директоры Бейцзи тағы басқалары қарсы алды. Кеше ауыл шаруашылығы министрі Ло Лу-янь совет мамандарымен кеңес өткізді. Олар мемлекеттік шаруашылықты ұйымдастыру жөніндегі жоспар жасауға байланысты мәселелерді талқылап, бұл жұмыстарды таяу уақытта бастау туралы шешімге келді.

---

КОРЕЙ ХАЛҚЫ ЖОҒАРҒЫ ХАЛЫҚ

## Барлық күш герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы күреске жұмсалсын!

*Фредерик Жолио-Кюридің мәлімдемесі*

ПАРИЖ, 31 октябрь. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председателі Фредерик Жолио-Кюри Батыс Германияны қаруландыру туралы Лондон және Париж келісімдері жөнінде мәлімдеме жасады.

Бейбітшілікті сақтауға төнген қатер болып табылатын Лондон және Париж келісімдерінің орасан зор хауіптілігі дүниежүзілік жұртшылық пікірінің қуатты қозғалысын ең қажетті қозғалысқа айналдырады. Тікелей мүдделі елдердің азаматтары дереу қыймыл жасауға тиіс, өйткені бұл келісімдерді жасасқан үкметтер оларды неғұрлым тез бекіттіруге әрекеттенуде. Бұл асығыстықтың себебі сол, егер жұртшылық пікірінің қажетті уақыты болған күнде, ол бұл келісімдердің хауіпті екенін анықтап, бұл келісімдерді ССРО-ның ұсыныстары ашып отырған мүмкіндіктермен салыстыра алған болар еді.

Ұлттық тәуелсіздікті сақтаудан бейбітшіліктің кепілін көрген және герман милитаризмін қайта тудырудан соғыстың қатерін көрген күштердің бірлескен қыймылы нәтижесінде Франция «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастады.

Барлық адамдардың қандай системаға болса да жеке көзқарасына қарамастан, Лондон және Париж келісімдерінің хауіпті екендігі олардың бәріне де айқын болып отыр.

Парламенттердің Лондон және Париж келісімдерін бекітуі, деп атап көрсеткен Фредерик Жолио-Кюри, «қаруланған дүние» бір-біріне жау блоктер құру саясатын, яғный халықаралық шиеленісті ушықтырып, жаңа соғыстың туу хауіпін арттыруы ғана ықтыймал саясатты мақұлдағандық болар еді.

Барлық іс, делінген мәлімдемеде бұдан кейін, бұл келісімдерге қол қойған адамдардың халықаралық шиеленісті ең хауіпті бағытта, соның өзінде бұл шиеленіс едәуір бәсеңдеген кезеңде ушықтырғысы келетіндей сыйпатта болып отыр. Кәзіргі уақытта қарулы жанжалдар енді атымен жоқ; экономикалық және мәдени байланыс дамып келеді; қарусыздандыру туралы келісімге жету перспективасы дәл кәзіргідей әлі ешуақытта да зор болып көрген емес; «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор қабылданбай тасталды.

Бұл жағдай мүдделі ұлы державалар арасында келіссөздер жүргізу жолымен герман проблемасын бейбітшілікпен реттеуге болады деп үміттенуге мүмкіндік береді. Бірақ, Батыс Германияны қаруландыру және оны атлантикалық шартқа қосу туралы Лондон мен Парижда қол қойылған келісімдер бекітілген күнде, мұның бәрі сәтсіздікке ұшыраған болар еді.

Егер бұл келісімдер біржолата бекітілген күнде, «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор сыякты бұл келісімдер де Германия мен Европаның бөлшектелуін қалпында сақтап, бұрынғыдан да гөрі күшейте түскен болар еді. Бұл келісімдер герман проблемасы жөнінде ССРО-мен қандай да болса пәрменді келіссөздер жүргізуді кейінге қалдырып, қыйындатқан болар еді.

Біріккен Ұлттар Ұйымында жуырда болған айтыстың нәтижесінде байқалған қарусыздандыру перспективасын Герман Федералдық республикасын қаруландырумен сыйыстыру мумкін болмас еді. Соңғы әрекеттің тек жанталаса қаруланудың күшейтуге ғана әкеліп соқтыруы ықтыймал. Бұл келісімдерді ақтау үшін оған қол қойған үкметтер Герман федералдық республикасын қаруландыру даусыз болатын іс деп мәлімдеуге тырысуда. Мұндай сылтауды іс жүзінде де, заң жүзінде де ешнәрсемен ақтауға болмайды.

Фредерик Жолио-Кюри әңгіменің шынына келгенде мемлекеттердің қаруланған коалициясын құру жайында болып отырғанын көз жеткізе айқын көрсеткен, ал бұл коалицияға өздерінің бөтен территорияларға көз алартуын ешуақытта жасырмай келген Батыс Германияның басшылары қатысқан болар еді. Жолио-Кюри сонымен қатар Бонн кекшілдерін милитарландыру пайдасын көздейтін: Германиямен «ымыраға келу» дейтінді көздейтін басқа «сылтауды» да әшкерелеген. Егер Лондон және Париж келісімдері бекітілген күнде, деп мәлімдеген Фредерик Жолио-Кюри, бұл келісімдер гитлерлік тәртіптің бұрынғы жақтаушыларының, бұл тәртіп үшін жауап беретін адамдардың Европада жаңа крест жорығын жүзеге асыру ниеттерін ешуақытта да жасырмағандардың және, мұны тарих көрсеткеніндей, қарулы күш қолданбауға міндеттейтін келісімдердегі жай міндеттеменің көмегімен ұстап тұруға болмайтындардың соғыс қыймылдарын қайта бастауына құрал берген болар еді. Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейінгі кездегі сыякты, батыс державаларының барлық күш-жігері Германияда ең соғысқұмар элементтерді өкмет басына қоюға бағытталып отыр.

Мәлімдеменің қорытындысында Фредерик Жолио-Кюри былай деп мәлімдеген: кәзіргі уақытта мыналарды істеуге барлық жағдай бар:

—бейбітшілік және демократиялық жолмен Германияны біріктіру проблемасын реттеу үшін;

— коллективтік хауіпсіздік системасын ұйымдастыру үшін, бұған Европаның барлық елдері, өздерінің экономикалық және әлеуметтік тәртібіне қарамастан, түгелімен қатысқан болар еді;

—жаппай қарусыздандыру үшін;

—жаппай қырып-жоятын қару қолданылуымен байланысты жантүршігерлік қатерден адамзатты құтқару үшін және атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану арқылы халықтың тұрмыс жағдайын едәуір жақсарту үшін.

---

Францияның Солтүстік Африкадағы ...

## Ливан президентінің совет футболшыларын қабылдауы

БЕЙРУТ, 3 ноябрь. (СОТА). Ливан республикасының президенті Камиль Шамун кеше Ливан футболшыларының шақыруымен Ливанға келген Советтің «Торпедо» спорт қоғамының футболшыларын қабылдады.

Ливан Республикасының президенті совет футболшыларына Ливанға келгендіктері үшін рахмет айтқан және өзінің советтің ауыр атлетшілерімен кездескендігін, сондай-ақ екі елдің арасында спорттық және мәдени байланысты нығайту жөнінде тілек білдіргенін айтқан.

Сіздердің Ливанға келулеріңіз, деген президент, сол сыяқты Ливан спортшыларының Москвада болулары біздің елдеріміздің арасында спорттық және мәдени байланысты нығайту ісіне көмектеседі.

Қабылдауда ССРО-ның Ливанға жіберілген адамы В. А. Беляев болды.

---

### ВДР-ДЕ ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУІ

ШАНХАЙ, 3 ноябрь. (СОТА). Вьетнам хабар беру агенттігі октябрьдің аяғында Ханойды Қытай мен ВДР арасындағы шекарада Нам Хуанмен жалғастыратын темір жолды қалпына келтіру жөніндегі жұмыс басталды, деп хабарлаған. Вьетнам еңбекшілерінің жалпы конфедерациясы жұмысшы құрылысшыларға, Ханой—Нам Хуан темір жолын тезарада қалпына келтіру үшін жарысты өрістетуге шақыруға үндеп, бұл жолды республикадағы ең бір маңызды құрылыс деп жариялаған. Құрылысшыларға жергілікті тұрғындар үлкен көмек көрсетуде. Құрылысшылардың қажырлы еңбектерімен жұртшылықтың белсенді қатысуы арқасында темір жолдағы жұмыс үлгілі жүргізілуде. Ханойдан 11 километр жердеті Зиа-Лам-Иен-Вьет аэродромдарын жалғастыратын участок кәзірдің өзінде қалпына келтірілді. 8 жылғы үзілістен кейін Зиа-Ламадан Бак-Нинге дейінгі участокте поезд жүрісі қайтадан басталды.

---

### ИНДИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ БІРЛЕСТІГІН НЫҒАЙТУ ҮШІН

ДЕЛИ, 3 ноябрь. (СОТА). «Пресс трас оф Индия» агенттігінің хабарлауы бойынша, Калькуттада Бүкіліндиялық кәсіпшілер одағы конгресінің құрылғанына 34 жыл өтуіне байланысты көпшілік митингтер болған.

Митингке қатысушылар барлық индиялық кәсіподақтары бірлестіктеріне жұмысшы қозғалысының бірлестігін нығайту мақсатында Бүкіліндиялық біртұтас кәсіпшілер одағы ұйымдарын құруға шақырып, үндеу жолдаған.

Сол сыякты, қарарда Азия халықтарының бейбітшілік пен прогресс мүдделеріне деген ниеттестігін нығайтуға шақырған.

---

### ҚХР ЖӘНЕ СОВЕТ ОДАҒЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ЖАПОНИЯДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

ШАНХАЙ, 3 ноябрь. (СОТА). Жапон баспасөзінің хабарлағанындай Жапония-

## 1954 жылғы 7 ноябрьде Петропавл қаласы еңбекшілерінің демонстрациясын өткізу жоспары

1. Демонстрацияға қаланың барлық еңбекшілері, мектептері мен оқу орындарының оқушылары қатысады.

2. Демонстрация 1954 жылғы 7 ноябрьде жергілікті уақыт бойынша сағат 11-де басталады.

3. Барлық демонстрацияға қатысушылар 8 адамнан 8 колоннаға қатар түзеп тұрады және мына тәртіп бойынша Ленин, Папанин, Ульянов, Пушкин көшелерімен жүріп отырып Октябрь алаңына барады да трибуна алдынан өтеді.

**Бірінші колонна:** Ту ұстаушылар взводы, мектептер мен оқу орындарының оқушылары. Сағат 10-да Октябрь көшесінің Кәрім Сутюшев көшесі жағына жыйналады. Колоннаның алды Ленин көшесінің бұрышында болады. Колонна 10 сағат 30 минутта орнынан қозғалады. Колонна бастығы **Дегтяренко** жолдас.

**Екінші колонна:** Еңбек резервтері мектептерінің оқушылары. Сағат 10-да Қызылту көшесіне жыйналады. Колоннаның алды Ленин көшесінің бұрышында болады. Колонна 10 сағат 50 минутта орнынан қозғалады. Колоннаның бастығы **Агаркова** жолдас.

**Үшінші колонна:** темір жол транспорты кәсіпорындары мен мекемелерінің коллективтері. Колонна социалистік міндеттемелердің орындалуы приципі бойынша сапқа тұрады. Колонна таңертеңгі сағат 9-да Ленин атындағы клубтың аладына жыйналады да Буденный, Гоголь, Ленин көшелерімен жүріп отырып, сағат 10-да қалалық парк жанына келеді. Колонна сағат 11-де орнынан қозғалып, Ленин көшесімен Октябрь алаңына беттейді. Колонна бастығы **Савин** жолдас.

**Төртінші колонна:** одақтық маңызы бар өнеркәсіп орындарының коллективтері. Колонна социалистік міндеттемелердің орындалу принципі бойынша сапқа тұрады. Колонна 10 сағат 30 минутта Киров көшесіне жыйналады. Колоннаның алды Ленин көшесінің бұрышында болады. Колонна маршрут бойынша 11 сағат 15 минутта орнынан қозғалады. Колонна бастығы **Лесняк** жолдас.

**Бесінші колонна:** республикалық маңызы бар өнеркәсіп орындарының коллективтері. Колонна өндірістік жоспарлардың орындалу принципі бойынша сапқа тұрады. Колонна 10 сағат 40 минутта Папанин көшесінің Сталин көшесі жағына жыйналады. Колоннаның алды Ленин көшесінің бұрышында болады. Колонна 11 сағат 30 минутта орнынан қозғалады. Колонна бастығы **Белов** жолдас.

**Алтыншы колонна:** жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындарының коллективтері. Бұл коллективтер алынған социалистік міндеттемелердің орындалу принципіне қарай сапқа тұрады. Колонна 10 сағат 40 минутта Кәрім Сутюшев көшесінің Пушкин көшесі жағына жыйналады. Колоннаның алды Папанин көшесінің бұрышында болады. Колонна 11 сағат 45 минутта орнынан қозғалады. Колонна бастығы **Соколов** жолдас.

**Жетінші колонна:** Денсаулық сақтау министрлігінің мекемелері мен оқу орындарының коллективтері. Колонна Базарбаев көшесінің Кәрім Сутюшев көшесі жағына жыйналады. Колоннаның алды Ленин көшесінің бұрышында болады. Колонна сағат 12-де орнынан қозғалады. Колонна бастығы **Исаева** жолдас.

**Сегізінші колонна:** қаладағы басқа ұйымдар мен мекемелердің коллективтері. Колонна 10 сағат 40 минутта Сталин көшесінің колхоз базары жағына жыйналады. Колоннаның алды Папанин көшесінің бұрышында болады. Колонна 12 сағат 15 минутта орнынан қозғалады. Колонна бастығы **Нұралин** жолдас.

4. Жалпықалалық демонстрацияға басшылық ету қалалық соғыс комиссары подполковник **Зайкин** жолдасқа жүктеледі.

5. Демонстрация кезінде тәртіп сақтау облыстық милиция басқармасының бастығы **Тоқпанов** жолдасқа жүктеледі.

6. Демонстранттар жыйналатын және өтетін көшелермен автомобиль-жүк транспортымен жүру таңертеңгі сағат 9-дан демонстрация аяқталғанға дейін тоқтатылады.

ҚАЛАЛЫҚ КОМИССИЯ.

## Н. Г. ШЛЯКОВ

1954 жылғы 3 ноябрьде, ұзаққа созылған қатты аурудан кейін 59 жасында, еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Совет атқомінің облыстық жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары Николай Григорьевич Шляков қайтыс болды.

Николай Григорьевич Шляков 1896 жылы 1 ноябрьде Ярославль облысында, Солтүстік жолдары жол қызметінің темір жол жұмысшысының семьясында туды.

Николай Григорьевич онтөрт жасынан бастап өздігінен жұмыс істей бастады, жұмыс істей жүріп, өндірістен қол үзбей оқу оқыды, соның нәтижесінде ең алдымен ауылшаруашылық училищесін, онан кейін Москваның сырттан оқыйтын жоспарлау институтының 4 курсын бітіріп және жоспарлау органдарында мал шаруашылығын зерттеу, батпақты жерлерді құрғату және жайылымдарды жақсарту жөнінде, облыстың экономикасын өркендету жөнінде зор жұмыстар жүргізді.

1937 жылы Шляков жолдас Солтүстік Қазақстан облыстық жоспарлау комиссиясының аппаратында ецалдымен ауылшаруашылық секретарының бастығы болып, 1948 жылдан бастап облыстық Совет атқомінің жанындағы облыстық жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары болып істеді және өмірінің ақырғы күніне дейін осы қызметте болды.

Николай Григорьевич Шляков өзінің барлық күшін, білімі мен көп жылғы тәжрибесін, өзінің барлық жігерін Отанға қызмет ету ісіне жұмсады.

Бір топ жолдастары.

...ЫЙНАЛЫСЫНЫҢ КОРЕЯНЫ БЕЙБІТ-
...ШІЛІК ЖОЛМЕН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ
ҮНДЕУІН ҚОЛДАУДА

...ПХЕНЬЯН, 3 ноябрь, (СОТА). Корей ...теграф агенттігінің (КОТА) хабарлағанындай, КХДР жұртшылығы республика...ң Жоғарғы халық жыйналысының Ко...ны бейбітшілік жолмен біріктіру үшін ...тылы шаралар ұсынған үндеуін қызу ...дауда және құттықтауда. Барлық елде —қалалар мен селоларда, заводтар мен ...рикаларда, мекемелер мен оқу орын...ында көп адамдар қатысқан митингтер ...жыйналыстар өтіп, онда жұртшылық ...елінің, бейбітшілік жолмен бірігуі ...н батыл күресетіндіктерін білдірген.

...1 ноябрьде Пхеньяндағы резинка жасау ...одында КХДР Жоғарғы халық жыйна...сының үндеуін қолдауға арналған ми...г болған. Митинг «Корей ұлты бірі...е тиіс» деген ұранмен өтті.

...өз сөйлегендер барлық күшті Корея ...бейбітшілік жолмен біріктіру ісіне, ...публиканы демократиялық негізіне ...айту ісіне жұмсауға шақырған.

КОРЕЯНЫ БЕЙБІТШІЛІКПЕН
БІРІКТІРУ ҮШІН

...ХЕНЬЯН, 3 ноябрь. (СОТА). Корея ...орталық телеграф агенттігі кеше ...Р Жоғарғы халық жыйналысы Оң...ік Корея Ұлттық жыйналысының ...седателі Ли Ги Бонға 30 октябрьде ...яны бейбітшілік жолмен біріктіруді ...ту мақсатымен КХДР Жоғарғы ха... жыйналысының сегізінші сессиясын...абылданған үндеуді жолдады, деп ха...ады.

...ДР-дың барлық қалаларында, деп ...лайды КОТА, Кореяны бейбітшілік ...біріктіру туралы КХДР Жоғарғы ха... жыйналысының үндеуін қолдаған ...дам қатынасқан митингтер өтіп жа...

СОВЕТ КИНОФИЛЬМДЕРІНІҢ
ШВЕЦИЯДАҒЫ ТАБЫСЫ

...ОКГОЛЬМ, 3 ноябрь. (СОТА). Сток...де совет фильмдері —«Орыс балеті... шеберлері» және «Шыңғыс ханның ...ы» көрсетіле бастады. Газеттер екі...дi де жоғары бағалауда. «Дагенс ...етер» газеті «Орыс балетінің шебер... филиміне қатысқан артискалар ...ва, Плесецкий мен Чабукианидің ...іктерін ерекше атап көрсеткен.

...рыс балетінің шеберлері» филимінде, ...азады «Стокгольмсти инген», — ...е жүзіндегі балет фильмдерінің ...гі жақсысы болып табылатыны ...сіз».

ИРАН ӨКМЕТІ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ
ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЖАЗАЛАУДА

...ТЕРАН 3 ноябрь. (СОТА). «Эттела... және «Кейхен» газеттері 2 ноябрьде ...лердің алтыншы және жетінші то... бірінші инстанциялы соғыс соты ...жазасына үкім шығарған, деп ха...ады.

# Француздық Солтүстік Африкадағы жағдай

ПАРИЖ, 3 ноябрь. (СОТА). Француздық Солтүстік Африкадағы жағдай өте шиеленіскен жағдайда қалып отыр. Қазіргі жағдайдың өзгеше бір сыйпаты сол, басқалармен салыстырғанда бұрын тыныш болған, Алжирде де толқушылық жайылуда.

Париж газеттері отарлаушы өкмет Алжирде репрессиялық қатаң шара қолданған, деп хабарлайды, Батны, Хеншелы мен Бискри аудандарында соғыс жағдайы енгізілген. Қазіргі уақытта мұнда «тазалау» жөнінде кең, операция жүргізілуде. Константин қаласында автоматтармен қаруланған полиция отрядтары көшелерді бақылайды, көпір мен әкімшілік үйінде күзет қойылған.

«Юманите» газеті кешегі күні Алжирде «Демократиялық бостандық салтанаты» партиясы басшыларының ішінде көптеген тұтқынға алулар жүргізілді, деп хабарлайды.

«Юманите», сол сыяқты, Сакпет—Сиди Юсеф ауданында қарулы біртоп туністіктер мен әскерлер арасында елеулі соқтығыс болды, деп хабарлаған. Соқтығыстың салдарынан 15 туністіктер өлтірілген.

Француз отарлаушы топтарының Солтүстік Африкадағы мүдделерін қорғаушы «Энформасьон» газеті Туністегі, Морокко мен Алжирдегі жағдай «тыныштсыздық туғызуда және оның қайғылы болуы мүмкін» деп мойындауға мәжбүр болып отыр.

# Лондон докерлерінің ереуілі әлі де тоқталған жоқ

ЛОНДОН, 3 ноябрь, (СОТА). Бұрын хабар етілгеніндей, 1 ноябрьде Англияның ірі порттарының он мыңдаған докерлерінің бір айға созылатын және ереуілшілер жеңістерге жеткен ереуілдері аяқталды. Бірақ 1 ноябрьде докерлер жұмысқа шыққаннан кейін, түстен кейін өндіріс иелерінің жұмысты қайтадан бастау туралы келісім жағдайын бұзғандығына қарсы наразылық ретінде Лондон портында ереуіл қайтадан бұрқ ете түсті; ереуілге 6 мың докерлер қатысты. Бұл шиеленісті реттегеннен кейін өндіріс иелері жаңа ереуілге қатысқан 57 адамды жұмыстан шығарды.

Бүгін Лондон портының 9 мың докерлері өздерінің жұмыстан шығарылған жолдастарын жұмысқа қайтадан алуды талап етіп, жаңадан ереуіл жариялады.

Бұл ереуілдің салдарынан 60 кемеде жүк түсіру және тиеу жұмыстары тоқтатылған. Рейтер агенттігінің хабарлауы бойынша, Дикин бастаған транспорт пен мамандығы жоқ жұмысшылар кәсіподағының оңшыл басшылары бірден ереуілге қарсы шыққан.

Лондон портында, сол сыяқты, 5 жұмысшыны жұмыстан шығаруға қарсы наразылық ретінде жариялап, бұдан екі ай бұрын басталған 8 мың кеме жөндеушілердің ереуілі де әлі тоқталған жоқ.

# Индонезиядағы ішкі саяси жағдай

ДЖАКАРТА, 3 ноябрь. (СОТА). Ангара агенттігінің хабарлауы бойынша, 2 ноябрь күні кешке Индонезия үкметін қайта құрудың кейбір мәселелері жөнінде келісімге қолы жеткен көрінеді.

Белгілі болғанындай, қайтадан құру—«Ұлы Индонезия» партиясы басшылығының жік туғызушылық әрекетімен байланысты қажет болды, бұл партия кабинеттің отставкаға шығуы жөнінде қойған талабы орындалмаған соң үкметтен өз министрлерін шақырып алған еді.

3 ноябрьде жол қатынасы мен аграрлы іс жаңа министрлерінің аттары жарияланатын болады.

Үкметке қатысушы партия өкілдері келіссөздерінің нәтижесінде, жаңадан халықтың тұрмыс- халін жақсарту министрлігі құрылған министрдің аты, сол сыяқты, 3 ноябрьде жарияланбақ.

«Хариан-ракьят» газеті өзінің басмақаласында «Машуми редакциясының әрекеті» өз тұрғысында қалады, деп жазады. Біз өте қырағы болуға тиіспіз, өйткені Машумидің ішкі реакциясы мен оңшыл социалистер американ және голландық империалистердің, сол сыяқты, гоминдандық агенттердің көмегімен үкметке қарсы, республикаға қарсы арандатушылық әрекеттерін жүргізіп отыр.

# Американдықтар Кореядағы бітім туралы келісімді бұзуда

ПХЕНЬЯН, 3 ноябрь. (СОТА). КОТА-ның тілшісі Кэсоннан корей-қытай жағы американдықтардың бітім туралы келісімді үнемі бұзуына қарсы наразылық білдірген, деп хабарлайды. 13 сентябрьден 23 октябрьге дейінгі 41 күн ішінде американдық самолеттер корей-қытай жағының бақылауындағы территорияның ауа кеңістігіне 23 рет өтті.

Американдықтар жағынан алдағы уақытта мұндай жағдайларды болдырмау үшін тиісті шара қолдану талап етілді.

тынасты қалыптастыруға ынталанушылық өсіп отыр. Буржуазиялық «Асааки» газетінің хабарлауына қарағанда, қытай-совет бірлескен декларациясына байланысты, парламент делегациясының Қытайда болуына, Қытай Қызыл Крест Қоғамының председателі Ли дэ-Фианның Жапонияға келу жағдайына байланысты Қытай және Совет Одағымен қарым-қатынасты тәртіпке келтіру жөнінде қозғалыс шапшаң өрістеп отыр.

ГРЕНЛАНДИЯДА АУРУДЫҢ КЕҢІНЕН
ТАРАЛУЫ

КОПЕНГАГЕН, 3 ноябрь. (СОТА). «Ланд ог фольг» пен «Аполитикен» газеттері аға дәрігер М. Фог-Поульсеннің Гренландиядағы денсаулық сақтаудың жағдайы туралы баяндамасының мазмұның жариялаған. Баяндамада Гренландиядағы адамдардың қаза табуы Даниямен салыстырғанда үш есе артық деп көрсетілген. 100 адамның ішінде 29 адам эпидемиялық аурудың зардабын тартуда. 24 мың адамы бар жұртшылықтың мыңжарымы өкпе туберкулезімен ауруда.

Баяндамада туберкулездің кеңінен таратылуының себебі, тамақтың жоқтығы мен тұрмыс жағдайының нашарлығына қарамастан азапты ауыр жұмыс істеу болып табылады, деп көрсетілген. Фог-Поульсен, елде ауруханалар жетіспегендіктен Гренландияда туберкулездің таралуына қарсы күрес қыйын, деп жазады.

БЕЛГРАДТАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАХМАТ
ТУРНИРІ

БЕЛГРАД, 1 ноябрь **(СОТА-ның арнаулы тілшісінен)**, Кеше халықаралық шахмат турнирінде 9-шы тур ойналды. Совет гроссмейстері Бронштейн гроссмейстер Глигоричпен кездесті. Партия Бронштейннің ұтып шығатын жағдайында аяқталмай қалды.

Барца Нивергельтке қарсы жақсы ойнап, 32-ші жүрісте ұтып шықты. Недельковнч Вейтті, Матанович Рабарды ұтты.

Ивков—Петросян партиясы Петросян үшін ауыр жағдайда кейінге қалдырылды. Басқа партиялар да аяқталған жоқ.

БЕЛГРАД 1 ноябрь. (СОТА). Бүгін таңертең тоғызыншы турда аяқталмаған партиялардың жалғасы ойналды. Ивков Петросянмен ойнаған партиясындағы басым жағдайын шебер баянды етіп, жеңіске жетті. Яношевич—Трифунович партиясы тең аяқталды.

Милич Караклайчті ұтты. Йоппен—Поррек партиясы тең аяқталды.

Пирц—Черняк партиясында Пирц жеңып шықты.

Шиеленіскен тартыспен өткен Пильник-Джурашевич партиясы тең аяқталды.

Бронштейн —Глигорич партиясы тағы да аяқталмай қалды.

1918—1937 жылдарда Шляков жолдас Кострома облысының жер шаруашылығы

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕТУДІҢ. МЕМЛЕКЕТТІК БЕСІНШІ

### ЗАЕМНЫҢ 8-ҰТЫС ТИРАЖЫНЫҢ АНЫҚТАМА ТАБЛИЦАСЫ

Тираж 1954 жылғы 24 октябрьде Запорожье қаласында өткізілді. Заемның барлық разрядындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыстар шықты:

| Серия №№ | Облигация №№ | Ұтыс мөлшері сом есебімен | Серия №№ | Облигация №№ | Ұтыс мөлшері сом есебімен | Серия №№ | Облигация №№ | Ұтыс мөлшері сом есебімен | Серия №№ | Облигация №№ | Ұтыс мөлшері сом есебімен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 080226 | 32*) | 1.000 | 084515 | 49*) | 1.000 | 091106 | 18*) | 1.000 | 096097 | 1—50 | 500 |
| 080334 | 29*) | 1.000 | 084562 | 21*) | 1.000 | 091165 | 1—50 | 200 | 096132 | 16*) | 1.000 |
| 080392 | 1—50 | 200 | 084812 | 1—50 | 500 | 091183 | 1—50 | 200 | 096233 | 30*) | 1.000 |
| 080454 | 42*) | 1.000 | 085029 | 1—50 | 200 | 091249 | 35*) | 1.000 | 096386 | 1—50 | 200 |
| 080620 | 47*) | 1.000 | 085317 | 50*) | 1.000 | 091340 | 40*) | 1.000 | 096401 | 03*) | 1.000 |
| 080791 | 25*) | 1.000 | 085603 | 29*) | 1.000 | 091438 | 07*) | 1.000 | 096603 | 1—50 | 200 |
| 080847 | 44*) | 1.000 | 085730 | 11*) | 1.000 | 091479 | 1—50 | 200 | 096616 | 21*) | 1.000 |
| 080884 | 24*) | 1.000 | 085759 | 1—50 | 200 | 091657 | 24*) | 10.000 | 096840 | 1—50 | 500 |
| 081051 | 48*) | 5.000 | 085832 | 26*) | 1.000 | 091680 | 1—50 | 200 | 096896 | 1—50 | 200 |
| 081103 | 44*) | 1.000 | 085859 | 1—50 | 200 | 091732 | 49*) | 1.000 | 096901 | 33*) | 1.000 |
| 081154 | 38*) | 1.000 | 086190 | 1—50 | 200 | 091813 | 37*) | 1.000 | 096953 | 06*) | 1.000 |
| 081207 | 10*) | 1.000 | 086297 | 1—50 | 200 | 092012 | 1—50 | 200 | 096973 | 45*) | 1.000 |
| 081269 | 45*) | 25.000 | 086318 | 25*) | 5.000 | 092089 | 43*) | 5.000 | 096989 | 37*) | 5.000 |
| 081334 | 23*) | 1.000 | 086368 | 09*) | 1.000 | 092404 | 18*) | 1.000 | 097047 | 01*) | 1.000 |
| 081346 | 25*) | 1.000 | 086382 | 02*) | 10.000 | 092468 | 39*) | 10.000 | 097241 | 33*) | 1.000 |
| 081376 | 09*) | 1.000 | 086446 | 1—50 | 500 | 092551 | 1—50 | 500 | 097298 | 1—50 | 200 |
| 981442 | 43*) | 1.000 | 086652 | 1—50 | 500 | 092906 | 1—50 | 200 | 097359 | 01*) | 5.000 |
| 081450 | 1—50 | 200 | 086730 | 21*) | 1.000 | 093011 | 1—50 | 200 | 097552 | 38*) | 1.000 |
| 081515 | 19*) | 1.000 | 086896 | 1—50 | 500 | 093044 | 1—50 | 200 | 097599 | 14*) | 1.000 |
| 081525 | 14*) | 1.000 | 086910 | 41*) | 1.000 | 093073 | 30*) | 1.000 | 097662 | 06*) | 1.000 |
| 081595 | 08*) | 1.000 | 087267 | 33*) | 5.000 | 093149 | 1—50 | 200 | 097796 | 31*) | 5.000 |
| 081601 | 16*) | 1.000 | 087690 | 15*) | 1.000 | 093161 | 29*) | 5.000 | 097870 | 31*) | 5.000 |
| 081604 | 23*) | 1.000 | 088237 | 1—50 | 500 | 093323 | 1—50 | 200 | 098040 | 1—50 | 200 |
| 081902 | 1—50 | 200 | 088350 | 03*) | 1.000 | 093344 | 1—50 | 200 | 098155 | 22*) | 1.000 |
| 081937 | 23*) | 1.000 | 088427 | 37*) | 1.000 | 093385 | 1—50 | 200 | 098296 | 26*) | 1.000 |
| 082248 | 1—50 | 200 | 088480 | 46*) | 1.000 | 093444 | 21*) | 1.000 | 098406 | 38*) | 1.000 |
| 083238 | 36*) | 1.000 | 088694 | 37*) | 1.000 | 093455 | 1—50 | 200 | 098520 | 1—50 | 500 |
| 083303 | 1—50 | 200 | 088846 | 1—50 | 500 | 093613 | 07*) | 10.000 | 098534 | 39*) | 1.000 |
| 083354 | 1—50 | 200 | 088886 | 11*) | 5.000 | 093752 | 29*) | 1.000 | 098584 | 38*) | 1.000 |
| 083448 | 1—50 | 200 | 088896 | 31*) | 1.000 | 093769 | 26*) | 1.000 | 098684 | 1—50 | 200 |
| 083530 | 1—50 | 200 | 089126 | 33*) | 1.000 | 094012 | 1—50 | 200 | 098734 | 41*) | 1.000 |
| 083550 | 1—50 | 500 | 089391 | 1—50 | 200 | 094056 | 1—50 | 500 | 099205 | 1—50 | 200 |
| 083553 | 47*) | 1.000 | 089475 | 32*) | 10.000 | 094071 | 24*) | 1.000 | 099228 | 47*) | 1.000 |
| 083649 | 02*) | 1.000 | 089477 | 36*) | 1.000 | 094104 | 1—50 | 500 | 099274 | 35*) | 1.000 |
| 083656 | 10*) | 1.000 | 089583 | 09*) | 1.000 | 094227 | 34*) | 1.000 | 099449 | 47*) | 1.000 |
| 083690 | 29*) | 1.000 | 089641 | 1—50 | 500 | 094356 | 36*) | 1.000 | 099495 | 1—50 | 200 |
| 083728 | 43*) | 1.000 | 089788 | 02*) | 1.000 | 094419 | 1—50 | 500 | 099511 | 28*) | 1.000 |
| 083735 | 1—50 | 500 | 089910 | 43*) | 1.000 | 094550 | 1—50 | 200 | 099539 | 11*) | 1.000 |
| 083886 | 37*) | 1.000 | 089937 | 28*) | 1.000 | 094677 | 16*) | 1.000 | 099559 | 1—50 | 200 |
| 084047 | 1—50 | 200 | 089955 | 19*) | 1.000 | 094781 | 50*) | 1.000 | 099603 | 47*) | 1.000 |
| 084247 | 1—50 | 200 | 090178 | 1—50 | 500 | 094888 | 1—50 | 200 | 099794 | 16*) | 1.000 |
| 084312 | 1—50 | 500 | 090183 | 18*) | 1.000 | 095047 | 22*) | 1.000 | 099795 | 1—50 | 500 |
| 084364 | 1—50 | 200 | | | | 095606 | 1—50 | 200 | | | |
| 084449 | 1—50 | 200 | 090246 | 23*) | 1.000 | 095757 | 29*) | 1.000 | 099829 | 30*) | 1.000 |
| 084474 | 1—50 | 500 | 090335 | 29*) | 1.000 | 095822 | 09*) | 1.000 | 099956 | 37*) | 1.000 |
| 090751 | 15*) | 1.000 | 090519 | 1—50 | 200 | 095872 | 29*) | 1.000 | 099975 | 1—50 | 200 |

x) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет аткомі, облыстық жоспарлау комиссиясы және облыстық Совет аткомінің жергілікті комитеті **Николай Григорьевич ШЛЯКОВТЫҢ** қатты және ұзаққа созылған аурудан кейін осы жылғы 3 ноябрьде қайтыс болғандығын қайғырып хабарлайды және марқұмның үй- ішіне көңіл айтады.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ...лшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.**

...ПШ 02698. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21- үй.